*5 жылдық тарихы, 25 мыңнан аса авторы бар басылым*

INTERNATIONAL SCIENTIFIC-EDUCATIONAL JOURNAL

EDUNEWS.KZ
EDUCATIONAL NEWS AGENCY

EDUCATIONAL
SCIENCES
INDEX

# ҰЛЫ ДАЛА ҰСТАЗЫ

UDU

VOLUME I • №05 (49) • MAY 2023

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ШЫҒАРЫЛЫМ**

*(«Educational Sciences Index» Қазақстан педагогтарының ғылыми-әдістемелік мақалаларының базасында индекстеу жүргізіліп, «Edunews.kz» ақпараттық агенттігі арқылы республиканың педагог қауымына таратылады)*

Any reproduction of the materials or their extracts is only with written permission of the editors.
The editors are not responsible for the contents.
The editors' opinion may not coincide with the opinions of the autors.

SINCE JANUARY 2019

# CONTENTS

**Наменова Минара Серикгалиевна,** ........ **4**
Музыка пәніндегі оқытудың тиімді жолдары ........ 4
**Исабекова Алмагуль Шайкуловна,** ........ **6**
Биология сабақтарын оқытудың әдістерін тиімді пайдалану ........ 6
**Калиева Кулаш Избергеновна,** ........ **8**
Қоғамдағы педагог мәртебесі ........ 8
**Ермаханова Жанат Токмырзакызы,** ........ **9**
Жүйке жүйесінің маңызы ........ 9
**Мейірманова Аида Мейірманқызы,** ........ **11**
Интернет платформалардың мүмкіндіктерін математикада оқыту құралдары ........ 11
**Кенжебаева Земфира Жандаулетовна,** ........ **12**
Арифметикалық өрнектердің жазылу ережелері ........ 12
**Елдесова Дамегуль Оразгалиевна,** ........ **14**
Reading. Favourite food ........ 14
**Жумагалиева Шолпан Искандеровна,** ........ **17**
Көкөністер мен жемістерден салат әзірлеу технологиясы ........ 17
**Омарпатшаева Айгүл Жаңабергенқызы,** ........ **22**
Зат есім ........ 22
**Оспанова Алмагуль Сериковна,** ........ **24**
И дыбысы мен әрпі ........ 24
**Шамуратова Бибигул Ивановна,** ........ **26**
№69 сабақ. Үү дыбысы және әрпі ........ 26
**Жайманова Гүлмира Төлепбергенқызы,** ........ **29**
Халқымыздың салт-дәстүрі ........ 29
**Исмагулова Айнур Бакитжановна,** ........ **32**
Баяндауыш ........ 32
**Жанисов Арман Бисенбиевич,** ........ **34**
Дене шынықтыруға дәрігерлік бақылау ........ 34
**Мұхамеди Құндызай Аманжолқызы,** ........ **35**
51. Уақыт. Уақыттың өлшем бірліктері ........ 35
**Қоқымбаева Салтанат Дәуренбекқызы,** ........ **38**
Бала тілін ойын арқылы дамыту ........ 38
**Тұяқова Әлия Шынтасқызы,** ........ **40**
Еркін электромагниттік тербелістер ........ 40
**Абубакирова Узилдик Жолановна,** ........ **42**
«Үкілі домбыра» ән, терме үйірмесінің жылдық есеп беру концерті ........ 42
**Кадирова Тарбия Назаргалиевна,** ........ **44**
Атадан қалған асыл мұра ........ 44
**Кемалова Орнай Тлеуқызы,** ........ **51**
Сын есім ........ 51
**Турумова Айсауле Нуруллаевна,** ........ **53**
Кітаппен бірге ер жетеміз ........ 53
**Суханова Анара Өтетілеуқызы,** ........ **55**
Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері ........ 55

# Алғы сөз!

Ақтөбе қаласы, «№75 жалпы білім беретін орта мектебінің» алғаш шымылдығы 2019 жылы қыркүйек айында ашылды. Ақтөбе қаласы, Украинка елдімекенінде орналасқан бұл білім ошағы, көптің күткен қуанышты жаңалығы болды.

Мектебіміз типтік 2-қабаттан тұратын мекемеде орналасқан. Мұнда, жалпы 18 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: 1 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология, 2 информатика кабинеті, 1 мультимедиялық кабинеті, 1 ағылшын тілі кабинеті, технология ер балалар үшін 1 кабинет, технология қыз балалар үшін 1 кабинет бар. Сонымен қатар мектепте 1 спорт залы және 1 мәжіліс залы, 1 кітапхана бар. Алғашқы әскери дайындық пәніне арналған 1 оқу кабинеті бар. Мектеп асханасы 102 орындық. Мәжіліс залы – 78 орындық.

Мектебіміз 2019 жылғы ашылған шақта - 296, 2021 оқу жылында – 353 оқушы болса, биылғы 2022-2023 оқу жылында 492 білім алушы тәрбиеленуде.

Мектебімізде қазіргі таңда, 47 мұғалім жұмыс жасайды, оның 42 жоғары білімді, 5 арнаулы орта білімді. Мұғалімдеріміздің біліктілік санатына тоқталар болсам, биылғы оқу жылында 5 педагог-зерттеуші, 7 педагог-сарапшы, 16педагог-модератор, 1жоғары санатты, 3 бірінші санатты, 4 IIсанатты мамандар қызмет етеді. Шәкірт тәрбиелеп отыған, мұғалім әріптестерім жаңа оқу жылында жыл сайын заман ағымына сай, біліктілік курстарына, түрлі коучинг, семинарларға үздіксіз қатынасып, түрлі зияткерлік сабақтар мен байқауларды ұйымдастырып отырады. Ұстаздар қауымы, оқушыларға терең білім мен тәрбие беру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Атап айтар болсам, мектебіздегі қалалық «Үздік жас маман-2023» байқауының жеңімпазы Таңатарова Айгүл Хамидоллақызы және «Жаңашыл ұстаз-2023» медалінің иегері Кармысова Арайлым Куралбаевна сынды педагогтеріміздің еңбегі көпке өнеге. Сонымен қатар министрліктің, республикалық, облыстық, қалалық білім бөлімдерінің алғыс хаттарымен марапатталған ұстаздарымыздың еңбегі ерен. Дәл сол еңбекті ақтап дарынды шәкірттерімізде мектебімізді облыстық, республикалық деңгейде танытуда.

Сөз соңында, әріптестеріме болашақ ұрпақты тәрбиелеу жолында еңбектеріне толағай табыс пен жеңісті күндеріңіз көп болсын дегім келеді.!!!

Ізгі тілекпен, Наменова Минара Серикгалиевна



**НАМЕНОВА МИНАРА СЕРИКГАЛИЕВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Мектеп директоры, музыка пәнінің мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# МУЗЫКА ПӘНІНДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптық сабақ жүйесі екені бәрімізге мәлім. Осыған орай, менің тәжірибемде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа, дәстүрлі емес сабақтар түрлері де пайда болуда. Олар көбінесе, оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсатым - әрбір сабақтың оқу - тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық сатыға көтеру. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануға итермелейді.

Музыка пәнінде жаңа әдістерді пайдала¬ну арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерт¬теулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық тех¬нологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

Оқушылардың қызығушылығы белсенділігі артқасын сабақта білім сапасының артатыны сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А. Дейстербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - дегенді. Содықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім са¬пасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол жаңа инновациялық әдіс- тәсілдері болып табылады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арсында бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жа¬салады. . Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын арттыруға ықпалы көп.

“Музыка тыңдатпайынша, тәрбие беру, балалық шақтың өзінде адамның сүйіп тыңдайтын ән-күйлерінсіз тәрбие беру деген менің басыма қонбайтын нәрсе”, – деп В. В. Сухомлинский тәрбие саласында музыканың алатын орнын ерекше бағалап өз пікірін осылай айтады.

Мектептегі оқушыларға берілетін тәрбие саласының бірі – музыкалық тәрбие. Музыкалық тәрбиенің негізгі мәні, мақсаты сапалық жағынан жеке адамның жан дүниесінің үйлесіп қалыптасуын және рухани байлығын дамыту болып табылады. Музыкалық тәрбие беру де мұғалімнің алдына негізгі үш міндет қойылады.

– музыкалық әртүрлі іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін ояту;
– музыканы сезім арқылы саналы түсінуге баулу;
– музыкалық шығарманы өз шамасына қарай орындай білуге үйретуде орындаушылық дағдыны меңгерту. tarbie. at. ua сайтынан Эстетикалық тәрбие беруші маман – музыка пәні мұғалімі.

Мұғалім – адамды қалыптастыратын, адамды адам етіп тәрбиелейтін мамандық иесі. Мұғалімнің еңбегі өте жауапты, әрі күрделі іс. Ы. Алтынсарин мұғалімнің қоғам алдындағы рөлін қарапайым, әрі нақтылы етіп айта келіп кезінде „жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін“ – деді. Я. А. Коменский. „Мұғалімнің қызметі мәртебелі“, - деп бағалады. К. Д. Ушинский “Мұғалімнің жеке басы – жастар жаны үшін ешнәрсемен айырбастауға болмайтын жанып тұрған күн нұры“, – деп атап көрсетеді.

Музыкалық білім беру педагогикасында музыка сабақтарын өзінің дидактикалық мақсаты, мазмұны және оқыту әдістемесіне қарай түрліше жүйелеу ұсынылған. Соңғы жылдары педагогикалық технология идеясының жандануы, білім беру саласына ғылыми-техникалық жетістіктердің ендірілуіне байланысты сабақ беруді жетілдіру, оны ұйымдастырудың тың жолдары іздестірілуде.

«Музыкалық білім беру педагогикасының жанры» - дегеніміз музыкалық-педагогикалық туынды ретіндегі сабақтың өзіне тән образын, эмоционалдық сферасын, музыкалық-педагогикалық құрылымдарын бейнелейтін мазмұны мен ұйымдастырылуының жиынтықты сипаттамасы. Сөйтіп, сабақтың музыкалық-педагогикалық поэма құрылымдарына сәйкес, ода, аңыз, фреска, вернисаж сияқты түрлі жанрларды тиімді пайдалана білуге болады. Сонымен бірге рондо, вариация, реприза сияқты музыкалық формалардың құрылымы музыка сабақтарының құрылымына сай келеді.

Музыка сабағы - музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы. Оның мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері музыка сабағының типтері мен құрылымын анықтауға арқау болады. Басқа да оқу пәндері сияқты музыка сабақтары мұғалімнің жоғары музыкалық-педагогикалық даярлығын, оқушылардық педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін білуді, музыка сабақтарын ұйымдастырудың бұған дейін белгілі болған амал-жолдарын біліп қана коймай, оның жаңа жолдарын іздестіруді, сөйтіп музыка сабақтарын оқыту тәжірибесін үнемі байытып отыруын талап етеді.

Музыка пәні мұғалімінің сабақтарды өткізуге даярлығы басты екі кезеңнен оқу пәнін жүргізудегі жалпы және әрбір жеке сабақты өткізуге даярлығынан құралады. Жалпы даярлық барысында мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық даму деңгейлерін зерттейді. Музыка пәні мұғалімінің әрбір жеке сабаққа даярлығы да едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Бұл жұмыстың алғашқы кезеңінде оқу материалының мазмұны ойластырылады. Әрине, мұғалім тек бағдарламада қарастырылған оқу материалымен шектелмей, оқулықтарда, көмекші құралдарда берілген дидактикалық материалдарды мейілінше терең меңгеруі тиіс.

Музыка сабақтарын жүргізу үшін типтік бағдарлама негізінде құрылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарда бірізділікпен жоспарланған тақырыптардаң білімділік, тәрбиелік мақсаттары, қысқаша мазмұны, сабақтың түрі, әдістері, қолданылатын көрнекіліктері, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары, білім жетістіктерін бақылау және тексеру формасы, әр тақырыптың өтетін мерзімі көрініс табады.

Музыка пәні мұғалімі сабақты жоспарламас бұрын, ең алдымен оқушылар белгілі бір тақырыпты зерделеу барысында, яки есте сақтау, білу оқу дағдылары және алған білімдерін түрлі ситуацияларды қолдану сияқты нәтижелерге қол жеткізуі керектігін нақтылап белгілеп алғаны жөн.

Музыка мұғалімінің оқушылармен жұмыс істеу барсында яғни музыка сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы әрбір шәкірттің музыка өнеріне деген құштарлығын қалыптастырып, эстетикалық талғамын қанағаттандыруға, музыка жөніндегі түсінігін кеңейтуге, ішкі рухани байлығының ірге тасын өз беттерінше қалауға баулу, бағыттау.

Музыка өнері тек эстетикалық тәрбие құралы емес, оның өзге де сипаттары бар: ұлттық болмыс, мазмұн, сипат. Сондықтан да жастардың тәрбиесіне ықпал ететіндей жаңаша түрін іздеу керек. Музыка өнері әр түрлі қызмет атқара алады:

1) Қатынастық қызмет.
2) Кәсіби бағытпен тікелей байланыста музыканы дамыту.
3) Оқушының ойын, олардың жалпы білімдік деңгейін мамандыққа сәйкес дамыту.
4) Мамандыққа сәйкес тәрбиелік қызмет т. б.

Осылардың негізінде орындалатын біздің міндетіміз:

- қазақтың ұлттық мәдениетінің жай-күйін зерттеу;
- жастар арасындағы мәдени-рухани байлықтарды кеңейту;
- музыка саласындағы жетістіктерін насихаттау;
- жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесіне мейлінше көңіл бөлу.

Музыкалық білім мен тәрбие берудің негізі – ұлттық дәстүрде. Қазақ халқының мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін зерттеу мәселесі де жас ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңызға ие болды. Оқушы музыка әуенінің өзіндік ерекшілігін, табиғатын түсінуі керек. Кез келген музыкалық шығарма мінездемесі, құрылымы, мазмұны, жанры, стилі, шығу тарихы жағынан бірінші кезеңде тұтастық талдау әдісіне бағынышты. Екінші кезеңдегі бөлшектеп талдау әдісі музыканы өңдеу, әуенді музыкалық құралдардың айқындылығын меңгеруді тереңдетеді. Ал, үшінші кезеңдегі тұтас талдау әдісі өнердің бір-біріне жақын түрлерін біріктіреді. Мектептегі барлық оқу және сыныптан тыс эстетикалық бағыттағы жұмыс барысы музыка пән мұғалімінің кәсіби білімін, іскерлігін талап етеді. Болашақ музыка пәнінің мұғалімдері кәсіби-педагог ретінде мамандыққа бағытталған оқу пәндері негізінде дайындалады.

Мұғалім – адамды қалыптастыратын, адамды адам етіп тәрбиелейтін мамандық иесі. Мұғалімнің еңбегі өте жауапты, әрі күрделі іс. Ы. Алтынсарин мұғалімнің қоғам алдындағы рөлін қарапайым, әрі нақтылы етіп айта келіп кезінде „жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін“ – деді. Я. А. Коменский. „Мұғалімнің қызметі мәртебелі“, - деп бағалады. К. Д. Ушинский “Мұғалімнің жеке басы – жастар жаны үшін ешнәрсемен айырбастауға болмайтын жанып тұрған күн нұры“, – деп атап көрсетеді.

Қорыта айтқанда: жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникативті технологияны пайдалану оқушылардың өз бетімен білім алу құзіреттілігін дамытуға және білім сапасын арттыруға үлкен әсер етеді. Сондықтан мектепте оқытылатын сабақтардың сапасына өзгеріс енгізу - бүгінгі өмір талабы. Бірлесе көтерген жүк жеңіл демекші барлығымыз болашақта өркениетті елдердің жаңа технологиясын меңгертіп, дүниежүзілік білім кеңістігіне шыға берейік.



**ИСАБЕКОВА АЛМАГУЛЬ ШАЙКУЛОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Биология пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қазіргі уақытта заман талабына сай ғылым мен техниканың жетістіктерін білім беру саласында жүзеге асыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Жаңа заманғы білім беру жүйесі жаңа міндеттерді жүктейді. Сондықтан қазіргі білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын игермейінше, сауатты, жан-жақты, білімді маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі таңда білім ұйымдарындағы пәндерді дербес компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады.

Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютерді қолданып сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы жүйесін, олардың іс-әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялык эмоциональдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді.

Ғалымдар биологияны — XXI ғасыр ғылымы деп танығандықта, ол жаңа ақпараттық технологияларымен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінде негізгі мақсат оқушыға жеке тұлға ретінде қарап оның дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл пәнді оқыту мұғалімге зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Міне, осы жағдайда жаңа технологиялардың көмегі зор. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Интерактивті әдіс – диалогтік әдіс, нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір-бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде оның құрылғылары (датчиктері) қолданылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек [1].

Оқушылар биология сабағында арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты өздері меңгереді. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Биология пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар бір тестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Бұл тестілердің барлығы биология бойынша мемлекеттік білім стандарты талаптарына сәйкес келеді. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тірі табиғатты, ағзаларды толығымен түсінуге ықпал жасайды. Биология пәнінің кейбір тараулары ойлануды, талдай білуді, салыстыруды қажет етеді. Оған биология кабинетінің жағдайы келе бермейді. Айталық, адам қаңқасы, микроскоп, ұлғайтқыш әйнек, сутеттер т. б. тәжірибе жасайтын құралдардың болмауы [2].

Биология сабағында компьютерді пайдалану оқу үрдісінде мұғалімі мен оқушының оқудың жеке дара шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Жаңа сабақты түсіндіру барысында сабақтың мазмұнын дайын күйінде бермеуге тырысамын. Оқушылардың өздігінен танып-білу дағдыларын қалыптастыра отырып, жаңа тақырып бойынша анықтама, ережелерді өздері құрастырып тұжырымдай білуіне жетелеймін. Ол үшін оқытудың интерактивті формаларын сабақта қолданамын.

Биология сабағын өтуде өз пәніме деген оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып, қазіргі заман талабына қажетті білім алуға жағдай жасауға тырысамын. Оқушыларды сабақтан жалықтырып алмас үшін бүгінгі күндегі жаңа технология бойынша сабақ үлгілерін ойластырып, күнделікті жоспарға өзгерістер ендіріп, сайыс, дебат, XXI ғасыр көшбасшысы түрінде сабақтар өткіземін. Және сабақта оқытудың интерактивті әдістері мен СТО бағдарламасының кейбір элементтерін көп қолданып жүрмін. Сонымен бірге биология сабақтарында оқушыларға мынадай талаптар қойылады:

-үйге берілген тапсырманы оқулық бойынша оқу;
-оқыған материалды биологиялық тілде айтып шығу;
-тақырыпқа байланысты таблица жасау, тірек-сызбасын сызу, негізгі терминдерді жатқа айту;
-тақырыпқа сай өз пікірін айта білу,
-қосымша ақпарат көздерінен алынған материалдармен тақырыпты толықтыра білу.

Осы талаптарды өз деңгейінде орындаған оқушыны қабілетті деп танып, ол оқушымен мынадай жеке жұмыстар жүргіземін.

Қазіргі оқу үрдісінде дәстүрлі емес сабақтар, кештер, дидактикалық ойындар, әр түрлі әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып жүр. Ұстаз қандай әдіс-тәсіл қолданса да мақсат біреу, ол оқушыға тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының тиянақты да сапалы білім беру және оны әр түрлі қосымша материалдар мен оқушының есінде қалатындай етіп ұйымдастырып бекіту. Ұстаз оқушылардың пәнге қызығуын арттыру мақсатында өз тарапынан шығармашылық ізденістер жасап, әр түрлі дидактикалық кештер ұйымдастыруы керек.

Биология пәнінің дидактикалық ойын кештерінің мазмұны тіршіліктің құндылығын, биологиялық мәселелердің маңыздылығын жете түсінуге, оқушылардың өмірге деген көз қарастарын жан-жақты дамыту, оқытудың теориялық бағытын, практика жүзінде іске асыру, қоршаған ортамызды аялай білуге үйрету және оқушыларға өмір сүру заңдылықтарын терең сезініп, оны дұрыс қабылдауына мүмкіндік береді.

Оқушылардың сабақтағы белсенділігі олардың сабаққа деген қызығуларының артуымен тығыз байланысты. Әсіресе, дидактикалық ойындар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін жетілдіріп, өз пікірін дәлелдеуге, сыныптастарымен еркін пікірлесуге ықпалын тигізеді. Дидактикалық ойындар оқушыларды биологиялық материалдарға қызықтыруымен қатар алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Өйткені, дидактикалық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін ізденімпаздығын еңбекқорлығын жетілдіруге, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастырған К. Гросс, Г. Спенсер, И. Хейзинга, И. Кант, В. Демин т. б. ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын іс-әрекетінің әлеуметтік тұрғыдан маңызды жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған.

Дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар арқылы теориялық білімді нақтылап, білім-білік дағдыларды қайталап және бекітуге арналған.

Қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерде қомақты орын алып, оның баланы дамытудағы мәні анықталды. Оқушыларды дидактикалық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу қолға алынды. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, сыннан өткен тәрбие көздерін биологияны оқыту барсында тиімді қодану қажет. Осы бағытта:

1. Идеялық-саяси, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру;
2. Дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастыру;
3. Отанымыздың мейлінше бай, көркемдікті бағалай ілуге, елін, жерін қадір тұтып, сүюге тәрбиелеу;
4. Балалардың алған білімдері мен оқу дағдыларын, шеберліктерін жетілдіру, тілін онан әрі дамыта түсу;
5. Еңбекке қызығу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу керек.

Демек, биология сабақтарында дидактикалық, ойындарды оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге негіздеу қажет. Осыған орай биологияны дидактикалық ойындар арқылы меңгерту жұмыстарының мынандай мақсаттары болуы керек:

а) дидактикалық ойындарды тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда биологиялық жұмбақтарды, сөзөрімдерді, сөзжұмбақтарды оқыту барысында ойындар арқылы кеңінен қолдану;

ә) көркем шығармаларды дидактикалық ойын түрінде беру арқылы оқушылардың мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру;

б) дидактикалық ойындар арқылы оқушыларға шешендік сөздерді үйретіп, олардың биологиялық тілін қалыптастыру керек.

Ойынның маңызы туралы В. А. Сухломинский: «Ойын дегеніміз – орасан зор жарық терезе, осы терезе арқылы баланың рухани дүниесіне қоршаған дүние туралы түсініктерін, ұғымдардың ширақ тасқаны келіп құйылады. Ойын дегеніміз – бұл ынталық пен құмарлықтың отын жағатын ұшқын».

Биологиялық кештерде, КТК (көңілдер, тапқыштар клубы) , брейн-ринг өткізу барсында, сабақты бекіту кезеңінде, үй тапсырмасын сұрау кезеңінде, үйірме жұмыстарында биологиялық жұмбақтарды қолдануға толығымен болады. Дидактикалық ойын кеші – эмоциональды өте қызықты өтетін тәрбие жұмыстардың бірі. Өткізілетін дидактикалық ойын кештері тек тыңдаушы, көрермендерді ғана емес қатысушылардың қызығушылығына үлкен әсер етеді.

Әдебиет:

1. Аужанова Н. Б. Внеклассная работа по биологии. Учебное пособие. –Алматы: Даир, 2008. – 240 с.
2. Аужанова Н. Б. Дидактические игры по биологии и экологии. Методические рекомендации. – Алматы: Даир,2008. – 88 с.



**КАЛИЕВА КУЛАШ ИЗБЕРГЕНОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
Тарих пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# ҚОҒАМДАҒЫ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ

Ұстаз – мәңгілік нұрдың бағбаны. Сөз басын «Ұстаз» сөзімен бастадым да, үлкен ойға қалдым. Сонда «ұстаз» сөзі қандай мағына береді және ол қандай болуы керек? Менің ойыма оралған осы бір пікірді көпшілікке ұсынғым келеді. Ұстаз сөзін қай тұрғыдан алып қарасаңыз да мағынасы терең. Кез келген адамның өмірінде ерекше құрмет тұтатын ұстазы болады. Ұстаз деп мектептегі мұғалімді ғана айтуға болмайды. Сенің өміріңе, тәрбие - болмысыңа бағыт берген, кәсібіңнің қыр-сырын үйреткен, тіршілігіңе нәр берген адамның барлығы да ұстаз деген атқа лайықты. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді» – дегендей ұстаздық кәсіпті таңдаған адамның бойында өз мамандығына берілген, бар қуатын оқушыға сарқып бере алатын, онымен бірге қуана да, қайғыра да білетін барлық асыл қасиеттер болу қажет. Менің ойымша, ұстаз болу кез келген адамның қолынан келе бермейді.

Енді осылай ерекше қадір тұтып, мақтан етіп жүрген педагогтарымыздың мәртебесі қоғамда қаншалықты бағаланып жүр деген сұрақ туындайды. Оның бастауы әріректе жатыр. Әрірек дегенім педагогтың мамандық таңдауынан бастау алған жері. Яғни, педагог оқушы кезінен педагог болуды мақсат еткен болып, осы саланың иесі болуды армандаған болса, онда жақсы нәтижеге қол жеткізген болар еді. Ондай мамандар жақсы педагог, үлгілі ұстаз болары сөзсіз. Себебі, оның бар мақсаты – оқушыны сауаттандырып, өз мамандығының нағыз майталманы болу. Өз мамандығын сүйіп, әр баланың жүрегінен орын тауып, нағыз білікті маманның орны қашанда төр болары анық. Ондай ұстаздарды, педагогтарды бір ғана оқушы емес, қоғам болып құрмет тұтып, бас иетінін байқаған болар едік. Жақсы ұстаз бала оқытып, білім беру үшін жайлы орын талғамайды. Бұл педагогтың мәртебелі болуының алғашқы қадамы деп ойлаймын.

Екінші қадамы – педагогтың ізденісі. Осы орайда «Ұстаз ізденгіш болуы, ойлай білуі, қандай істі болсын, бар ынтасымен атқара білуі керек» деген атақты педагог В. Маяковскийдің сөзі ойға оралады. Педагог - қашанда ізденіс үстінде жүретін маман. Ол үнемі өзін өзі дамытып, әртүрлі қызықты әрі тың ақпараттарды жинап, оны балаларға білім беруде орынды қолданып отыруы тиіс. Себебі балалар оқулықтағы мәліметтерді өз бетінше оқып, тани алады да, оған көп жағдайда қанағаттанбайды. Сондықтан педагог өз оқырманына тың ақпараттар беріп, оларды қызықтыра алуы да үлкен рөл атқарады.

Педагогтың мәртебелі болуы үшін келесі қадам – оқи жүріп оқытуында жатыр деп ойлаймын. Өзі ғана біліп, оны өзгеге үйрете алмаса, ұстаз атанбаған болар еді. Атақты диқаншы атамыз Ыбырай Жақаев: «Шәкірті жоқ ұстаз – мылқау ұстаз» - деп орынды айтқан еді. Сол үшін өзін ұстаз санайтын әр тұлғаның ең үлкен міндеті шәкірт тәрбиесі болуы тиіс. Бойындағы бар жиған - терген ілімі мен білімін, тәрбие мен білігін өзі ғана емес, шәкірт арқылы да көрсете алатын нағыз педагогтар қоғамда жетерлік. Белгілі химик Д. Менделеевтің «Мұғалімнің бүкіл мақтанышы -шәкірттерінде, өзі шашқан ұрықтарының өсіп - өнуінде» деген пікірде де үлкен мән-мағына жатыр. .

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсам, педагог мәртебесінің биік болуы алдымен өзіне, сосын өзгелерге байланысты болмақ. Жоғарыда аталған сатылардың талаптарынан бұлжытпай өте алған педагогты қоғам да, мемлекет те бағалайтыны анық. Көрнекті қазақ қаламгері Мәлік Ғабдуллин: «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді» - деп, ұстаздарға тамаша баға берген еді. Демек, ұстаздар бар болмысымен, табиғатымен, білімділігі мен біліктілігінің арқасында зор құрметке ие бола алады. Мен үшін педагог туылып ұстаз болмайды, ұстаз болып туылады. Атақты педагог Алтынсаринше айтсақ, «мұғалім-мектептің жүрегі». Білімге бай педагогтың мәртебесі қашанда биік!



**ЕРМАХАНОВА ЖАНАТ ТОКМЫРЗАКЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.2.3.2 жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** жүйке жүйесі мен оның адам ағзасындағы рөлін сипаттайды<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** сезім мүшелерінің қалай жұмыс істейтінін түсінеді<br>**Кейбір оқушылар:** жүйке жүйесінің сезім мүшелеріне қандай маңызы бар екенін анықтайды |
| Бағалау критерийі | - сезім мүшелерінің қалай жұмыс істейтінін түсінеді<br>- жүйке жүйесінің сезім мүшелеріне қандай маңызы бар екенін анықтайды |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі /уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Псхологиялық дайындық** Дене мүшелерімен амандасу (көзбен, қол алысып, құлақпен, аяқпен амандасу)<br>Мұғалім: — Екі көз не үшін керек?<br>Оқушы: — Жақсыларды көру үшін.<br>Мұғалім: — Екі құлақ не үшін керек?<br>Оқушы: — Ақыл – кеңес тыңдау үшін.<br>Мұғалім: — Екі қол не үшін керек?<br>Оқушы: — Елге көмек беру үшін.<br>Мұғалім: — Екі аяқ не үшін қажет?<br>Оқушы: — Шетте жүрсең,<br>Туған жерге жету үшін<br>Мұғалім: — Ал басың не үшін керек?<br>Оқушы: — Бәрін-бәрін ойлау үшін.<br>Дұрыс балалар, олай болса мен сендердің құлақтарың, көздерің, қолдарың мен аяқтарыңа саулық тілеймін.<br>**Топқа бөлу** /Сезім мүшелеріне қарай/<br>**1. Жұмбақ.**<br>Көреді бәрін өзгенің,<br>Көре алмайды өздерін? /Көз/<br>Жұмбақтарды шешу арқылы **КӨЗ** тобына отырады<br>**2. Жұмбақ.**<br>-Күмбір-күмбір қарағым,<br>Қартайғанша жарадың. /Құлақ/<br>-Бұл қандай мүше? / Есту мүшесі.<br>**3. ҚҰЛАҚ тобы**<br>**Жұмбақ.** | Тапсырманы орындайды<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады<br>Сұраққа жауап беріп, ойларын ортаға салады | 1балл<br>«Басбармақ» әдісі | Оқулық<br>50- 51 беттер<br><br>Жүйке жүйесінің суреті плакат |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Екі шырақтың ортасында бір өзім. /Мұрын/<br>**МҰРЫН** тобы<br>**4. Жұмбақ.**<br>Үнемі ауызда бұлтыңдайды,<br>Бірақ жұтылмайды. / Тіл /<br>**СЕЗІМ** тобы.<br>2. Үй тапсырмасы **Educaplay** әдісі бойынша тексеріледі.<br>Әр топтан 1 оқушыдан шығып, бақаны басу арлы сұрақтарға жаап береді<br>**3. Жаңа сабақ**<br>- Бүгінгі біздің сабағымыз ерекше сабақ, зерттеу сабағы болмақшы.<br>- Біз көреміз, естиміз, әр түрлі иістерді, дәмді, ыстық пен суықты сезе аламыз.<br>Осы бір ғажайып қабілеттер бізге 5 сезім мүшесі арқылы беріледі.<br>**Видео «Жүйке жүйесінің маңызы»**<br>Не түсіндік? | Сұрақтарға жауап береді | «Білім заряды» арқылы бағалау | *Видео «Жүйке жүйесінің маңызы* |
| Сабақтың ортасы 15минут<br><br>15 минут | **Оқулықпен жұмыс**<br>**1-тапсырма Топтық жұмыс**<br>**«Мен зерттей аламын» әдісі**<br>Сезім мүшелері қалай жұмыс істейді? Бір реттік ыдысқа тәтті, ащы, тұщы, тұзды, қышқыл тағамдарды салып парталасымен зерттеу жұмысын жүргіз.<br>**Дескриптор:**<br>- тәтті тағамды қалай сезетінін бақылайды (1б)<br>- ащы тағамды қалай сезетінін бақылайды (1б)<br>- тұщы тағамды қалай сезетінін бақылайды (1б)<br>- тұзды тағамды қалай сезетінін бақылайды (1б)<br>- қышқыл тағамды қалай сезетінін бақылайды (1б) | Әр топтан бір оқушыдан оқиды<br><br>Жүйке жүйесінің сезім мүшелеріне қандай маңызы бар екенін анықтайды<br><br>Әр топты бағалау | **ҚБ:**<br><br>1балл<br>1балл<br>1балл<br>1балл<br>1балл<br><br>Барлығы:<br>10балл | Оқулық<br>50-51-бет<br><br>Жүйке жүйесінің суреті<br>Бір реттік ыдысқа салынған<br>тәтті, ащы, тұщы, тұзды, қышқыл тағамдар түрі таратпа |
| | ***Видео «Жүйке жұмысы қалай жұмыс істейді?***<br>Маңдай бөлігі<br>Төбе бөлігі<br>Самай бөлігі<br>Шүйде бөлігі<br>Мишық<br>Дәптермен жұмыс.<br>Тапсырмаларды орындау<br>**Сергіту.**<br>**Нейрожаттығулар** | | | Мидың макеті |
| Сабақтың аяғы<br>5 минут | **«Пликерс » әдісі**<br>Бүгінгі сабақ бойынша бақылау тест алынады QR-код арқылы | QR-код | | Үйге тапсырма 50-51 бет, түсініп оқу |
| | **Рефлексия** | Ара-еңбектендім<br>Ленивец-жалқауландым<br>Аю-ұйықтадым<br>Тоты құс-сөйлеп отырдым | | |
| | Үйге апсырма 50-51 бет оқу | | | |



**МЕЙІРМАНОВА АИДА МЕЙІРМАНҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
математика пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# ИНТЕРНЕТ ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН МАТЕМАТИКАДА ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫ

Дидактикада «оқу құралдары» терминінің жеткілікті нақты анықтамасы жоқ және кейде қазақ тіліндегі «құралдар» сөзінің семантикасының арқасында өте кең түсіндіріледі. Соның салдарынан «оқушыға құрал болып табылатын» білім мазмұнының өзі (И. Я. Лернер) кейде оқу құралдары деп те аталады. Бірқатар жағдайларда оқытудың көрнекі құралдарымен, құрылғыларымен, механизмдерімен, құралдарымен және т. б. , мұғалімнің сөзі, мәтіндер, жаттығулар оқу құралдарына енгізіледі (Р. К. Миняр-Белоручев. М. В. Ляховицкий оқытудың классификациясын ұсынып. шет тілдеріндегі құралдар, оларды көмекші құралдар деп атады және оларға дәстүрлі (техникалық емес) және техникалық оқыту құралдарын жатқызады. Бұл анықтама дидактика сияқты білім саласындағы «оқу құралдары» түсінігінің мәнін неғұрлым жақын көрсететін сияқты. .

Бұл анықтама кейінірек нақтыланды. Оқыту құралдары «материалдық объектілер, оқу ақпаратын тасымалдаушы және табиғи табиғат объектілері, сондай-ақ адам жасанды түрде жасаған және мұғалімдер мен оқушылар оқу-тәрбие процесінде өз іс-әрекетінің құралы ретінде пайдаланатын» деп атала бастады (Назарова Т. С. , Полат) . Е. S. ).

Техникалық оқыту құралдарына оларда енгізілген ақпаратты көрсету үшін арнайы жабдықты қолдануды қажет ететін оқу құралдары жатады.

Математиканы оқытудың негізгі құралдарын қарастырайық.

1) Оқулықтар, жұмыс дәптерлері және дидактикалық материалдар.

Бұл оқу құралдары кез келген мектеп пәні және кез келген оқу жасы үшін негізгі және дәстүрлі болып табылады. Айта кету керек, барлық оқулықтар апробация мен эксперименттік тексерудің ұзақ жолынан өтті. Оқу материалы талаптарға сай оқулықтарда берілген. Нормативтік құжаттардың сақталуы да байқалады, және ғылыми сипат, және қолжетімділік және саралауды жүзеге асыру және т. б. Дегенмен, қазіргі оқулықтар (әсіресе математика бойынша) оларда иллюстрациялар көп емес, тарихи материалдар аз және күрделілігі жоғары тапсырмалар аз болғандықтан сынға ұшырайды. Оқу-тәрбие үрдісіндегі бұл кемшіліктерді жою үшін қосымша дидактикалық материалдар қолданылады.

Оқулықтар жұмыс дәптерімен және әртүрлі дидактикалық материалдармен (қосымша тапсырмалар жинағы, бақылау жұмыстары, өзіндік жұмыс және т. б. ) қоса берілуі мүмкін. Бұл оқу құралдары оқытылатын курстың мазмұнын кеңейтеді және олардың нақты міндеттерін жүзеге асырады, мысалы, сабақта жеке жұмысты жүргізуде. , өз бетінше және бақылау жұмыстарын жүргізуде, курсты кеңейтетін мазмұнды оқуда және т. б. Айта кету керек, мұндай көптеген оқу құралдары кейбір оқулықтар үшін әзірленген және көбінесе мұғалімге оларды сабақта орынды пайдалануда шарлау қиынға соғады.

2) Математика сабағында қабырғалық кестелер мен плакаттар әртүрлі дидактикалық есептерді шешу үшін қолданылады, бірақ олардың басты ерекшелігі – көрнекілігі және бұл материалды сынып стенділеріне ұзақ орналастыру мүмкіндігі. Оларды қайталап пайдалану, бір жағынан, олардағы материалды тереңірек есте сақтауды қамтамасыз етсе, екінші жағынан, қажетті ақпаратты тез алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта көптеген мұғалімдер бұл оқу құралын компьютерлік презентациялармен алмастыруда, алайда плакаттар қабырғаға үнемі ілінуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн, ал компьютер тек сабақта ғана қосылады, сондықтан кейбір жағдайларда плакаттар тиімдірек болуы мүмкін. компьютерлік презентациялар.

3) Жазық және үш өлшемді модельдер әрбір математика мұғаліміне жақсы таныс. Бұл модельдер барлық сыныптарға қолданылады. Модельдерді қолданудың тиімділігі, әсіресе параллелограмм мен ромб, тең құрамдас фигуралар, табаны тұрақты болып қалатын, ал үстіңгі бөлігі табанға параллель қозғалатын үшбұрыш сияқты үлгілерді еске түсірсек анық болады (оның қабырғалары резеңке жіп немесе шнур) - планиметрияда, айналу денелерінің динамикалық үлгілері, көп қырлы модельдер, әртүрлі стереометриялық жиынтықтар, кесінділердің мөлдір және мөлдір үлгілері, іштей сызылған және шектелген денелер және т. б. - стереометрияда, термометрлік модель - қасиеттерді көрсету үшін. бүтін сандар және т. б.

4) Үлестірмелі материалдар.

Бұл материалдар бақылау жұмыстарын жүргізуде тиімді.

Зерттелетін тақырыпқа және тест мақсатына қарай оқушыларге күрделілігі бірдей деңгейдегі тапсырмалары бар карточкалар берілуі мүмкін немесе әртүрлі оқушылар күрделілік деңгейінің әртүрлі тапсырмаларын алатын сараланған тәсілді қолдануға болады.
Тесттерден басқа, оқушыларге әртүрлі күрделіліктегі үй тапсырмалары берілуі мүмкін.
Сонымен, бұл оқыту құралының артықшылығы – оқытудың сараланған тәсілін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.
Дегенмен, бұл құралды үнемі пайдалану қиын, өйткені. ресурстардың (қағаз және/немесе ақша) үлкен шығындарын талап етеді.



**КЕНЖЕБАЕВА ЗЕМФИРА ЖАНДАУЛЕТОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Информатика пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# АРИФМЕТИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 6.3.2.1 Python тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлық оқушылар:** |
| | Python-да арифметикалық өрнектерді орындау ережелерін біледі |
| | **Көптеген оқушылар:** |
| | Өрнектің программалау тілінде жазылуын біледі |
| | **Кейбір оқушылар:** |
| | Өрнектің мәнін табатын программа құрастырады |

| **Сабақтың кезені/ уақыт** | **Педагогтың әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | 1. Оқушылармен амандасу.<br>2. Жұпқа бөліп отырғызу (автобус билеттері арқылы) | 1. Мұғаліммен амандасады.<br>2. Оқушылар билеттерін алып орындарына отырады | Бағалау парағы таратылады. | Автобус билеттері<br>Бағалау парақтары |
| | Үй тарпсырмасын тексеру<br>«Сұрақ-жауап» әдісі<br>Тақтаға сұрақтар ‘Wordwall’ сайты арқылы шығып тұрады. | Оқушылар әрбір сұраққа жеке-жеке жауап береді. | Әрбір дұрыс жауапқа 10 ұпай. (Оқушылар параққа алған ұпайларын жазып отырады)<br>Дискриптор:<br>-оқушылар сұрақтарға дұрыс жауаптарын табады.<br>ҚБ 2 балл | ‘Wordwall” сайты |
| | 1Миға шабуыл: экранға жаңа тақырыпқа қатысты сурет шығады.<br><br>2. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру. | 1. Оқушылар сабақ тақырыбын сурет бойынша ашады<br>2. Сабақтың тақырыбын дәптерге жазады, сабақтың мақсаттарымен танысады. | Дискриптор:<br>-оқушылар сурет арқылы тақырыпты аша алады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақты ң ортасы** | Жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>Видео ақпарат.<br>Python-да арифметикалық өрнектерді орындау ережелері:<br>✓ Өрнекте жақша болған жағдайда жақша ішіндегі амал бірінші орындалады.<br>✓ Егер өрнекте бірнеше жақша болса, онда амалдарды орындау ішкі жақшадан басталады.<br>Амалдардың орындалу реті.<br>Оқулық § 3.4, 86-бет,1-кесте<br>Кестеден көрініп тұрғандай, дәрежеге шығару амалы мен көбейту бір өрнекте келсе, онда бірінші дәрежеде көтеру амалы орындалады.<br>Арифметикалық амалдарды орындаудың тағы бір ережесі-өрнектер бір қатарға жазылуы тиіс. Өрнекте кездесетін бөлшек сызығы жақшалар арқылы бір қатарға жазылады.<br><br>Инкремент және декремент.<br>Программаны жазу кезінде ең көп қолданылатын амалдардың бірі-айнымалының мәнін белгілі бір санға арттыру немесе кеміту. Python тілінде мұндай амалдарды орындау үшін (+ =) инкремент (арттыру) және (- =) декремент (кеміту) операциялары қолданылады.<br>Амалдарды орындау барысында айнымалыларға басқа айнымалылардың мәнін жүктеуге болады. Python тілінде арифметикалық амалдарды жазу мүмкіндігінше қысқартылған.<br><br>**1-тапсырма.** «Практикалық алаң» әдісі<br>Жұптық жұмыс.<br>Конвертке есептер жасырылады. Оқушылар берілген есептерді жұптасып шығарып, нәтижесін программадан көрсетеді.<br><br>ҚБ: стикер /2 балл/<br><br>**2-тапсырма.** «Жасап көрсет » әдісі:<br>Жеке жұмыс:<br>1-практикалық тапсырма<br><br>Оқулық § 3.4, 89-бет, 1 тапсырма | Жаңа тақырып туралы мәлімет алады.<br><br>Арифметикалық өрнектерді орындау ережелерін дәптерге жазады<br><br>Анықтамасын дәптерге жазады<br><br>1-тапсырманы орындайды<br><br>2-практикалық тапсырманы орындайды | **Дискриптор:**<br>-Python (пайтон) да жаңа құжат аша алады.<br>-print функциясын қолданады<br>-Python (пайтон) программалау тілінде математикалық орындалуын жазады.<br>-нәтижесін экранға шығарады.<br>3 балл<br>**Дескриптор:**<br>-Берілген кодты Python тіліне аудара алады<br>ҚБ: 2балл<br><br>**Дескриптор:**<br>-Берілген кодты жазады, | Слайд<br><br>Жұмыс дәптері<br><br>Кесте<br><br>Компьютер<br>Конверт<br><br>Оқулық<br>Жұмыс дәптері<br><br>Компьютер<br>Таратпа материал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 2-практикалық тапсырма<br>КВН жарысында команда әр түрлі төрешілерден бес баға алады. Команданың орташа балын шығаратын бағдарлама жазыңыз.<br>**Енгізілетін деректер:**<br>Бес бүтін сан.<br>**Экранға шығарылатын нәтиже:**<br>Команданың орта балы. | | -нәтижесін шығарады.<br><br>ҚБ: 3балл | |
| **Сабақтың соңы** | 1. Оқушыларға өзін-өзі бағалауды ұйымдастырады.<br><br>2. Кері байланыс:<br>Mentimeter. com сайты арқылы жүргізіледі. Тақтада «Сабақтан алған әсерің? » сұрағы шығып тұрады. | Өзін-өзі бағалау.<br>Оқушылар жинаған ұпайларын санайды.<br><br>Menti. com сайты арқылы кері байланыс береді | | Бағалау парағы<br><br>Лэд-экран<br>Компьютер |
| **Үй тапсырмасы** | § 3.4, 89-бет, 3-тапсырма*** | | | |



**ЕЛДЕСОВА ДАМЕГУЛЬ ОРАЗГАЛИЕВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# READING. FAVOURITE FOOD

| | |
|---|---|
| **Learning objective (s) that this lesson is contributing to** | 6.4.4.1- read independently a limited range of short simple fiction and non-fiction texts;<br>6.4.5.1- deduce meaning from context;<br>6.3.5.1- keep interaction going in longer exchanges. |
| **Lesson objectives** | **All learners will be able to:** |
| | **Most learners will be able to:**<br>• read and understand an article about a traditional Kazakh dish.<br>• find abbreviations and specific words in the article.<br>• explain another Kazakh recipe or a recipe from a different cuisine. |
| | **Some learners will be able to:** |
| **Success criteria** | Identify details in a text with little support;<br>Identify the correct form of a word, appropriate sentence structure and text layout;<br>Clarify the meaning of the word in a dictionary or other digital references. |
| **Value links** | Respect and cooperation, lifelong learning |
| **Cross curricular links** | Biology |
| **ICT skills** | Navigate a website, create online survey |
| **Previous learning** | CLIL. Science Foodborne illness. |
| **Plan** | |

| **Stages of the lesson** | **Planned activities (replace the notes below with your planned activities)** | **Student's activity** | **Evaluation** | **Resources** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Greeting | The teacher greets students; *Hello, boys and girls! How are you? What is weather today? What date is it today? What day is it today? Let's begin our lesson* | Students respond to greeting and take their places. Give their own answers | | Blackboard |
| Checking up home task | Teacher will switch on a program "Word wall" and there will be a task with the words. | Students should match the words with the transcriptions | For every right answer students take a coin | |
| Warm up | Using the photo, elicit the Kazakh dish *Besbarmak* and write it on the board. Do students think this is a healthy dish or not? Why?<br>• Give students one minute to call out as many Kazakh and international dishes as they can. Invite them to write the dishes on the board or write them yourself.<br>• Write. .. *is delicious/disgusting!* on the board. Invite students to stand up and give their opinion about a dish using the prompt. | | | |
| Practice | Teacher introduce new vocabulary and give a task to read the text.<br>Check students' understanding of the following vocabulary from the text: *beef*, *flour*, *dough*, *add*, *mix*, *roll*, *broth*, *sliced*.<br>• Once students have read the text, refer them to Exercise 1. Check they understand what an abbreviation is and look at the example with the whole class.<br>• Ask students to scan the text and find the abbreviations.<br>• Students can compare answers in pairs before you check them with the class. | Students should check out with new vocabulary and read the text.<br><br>Ex1 **a** g **b** kg **c** mm **d** cm | Emoticon | Whiteboard and book |
| | **2.** After reading the text teacher will give them a cake. In every cake there is a sentences, which may be **True or False.**<br>Kazakhs don't like their food<br>To make a Kazakh meat we need 1.5 kg of meet<br>Ingredients: flour, an egg, salt, water, tomato<br>You need to boil the meat just 30 minutes<br>We eat a Kazakh meat with hands<br>Kazakh meat is very tasty<br>Kazakh meat is just for children. Parents can't eat it<br>When it is ready everybody can eat it<br>Firstly you put meat, then bough, then potato, then onion<br><br> <br><br>**3. Taking an umbrella method.**<br>Teacher will take an umbrella in which there are drops with questions.<br>What do you need to make "Kazakh et"?<br>What other traditional Kazakh dishes do you know?<br>This drink is made of camel's milk<br>What is your favorite food?<br>The most popular drinks are. .<br>What products made from milk do you know? | Students will take one cake, read the sentence and say T or F.<br>F<br>T<br>F<br>F<br>T<br>T<br>F<br>T<br>F<br><br><br>Student's possible answers | Coins<br><br><br>Coins<br>Emoticon | Cake if made of paper<br><br><br>Umbrella and drops made of paper |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | This drink is made of horse's milk<br>A dish eaten with five fingers<br>4. "**Pizza" method**<br>Teacher will give for every team 3 pizzas with the names of the foods in English and ingredients of pizza with the translations<br><br>• **Ex2** Focus attention on definitions a–d. Set a two-minute time limit for students to do the task.<br>• You can give further support to **weaker students** by telling them the paragraph where they will find each word. (word a – Paragraph 1; word b – Paragraph 2; word c – Paragraph 4; word d – Paragraph 5)<br>• Students can compare answers in pairs before you check them with the class.<br>• Check answers and help students with the pronunciation of *dough* /dəʊ/ and *broth* /brɒθ/. Make sure that students understand dish can be used to describe a specific type of food, as well as the physical object.<br>**Optional activity**<br>• Focus attention on the photo of the people having a meal. Elicit ideas from the whole class as to what they might be talking about, e. g. the food, the weather, their animals, a funny incident, etc.<br>• Put students in pairs or small groups. Ask them to imagine they are each a person from the photo. They work together and make up a short dialogue of about three turns each. Ask them to write it down. Monitor and help with vocabulary.<br>• Students practise their dialogue in pairs or groups before performing it for the whole class. | I need meat, water, flour, onion<br>Kuyrdak, Plov, Soup<br>Shubat<br>Kuyrdak<br>Shubat, kymyz<br>Kurt, airan, cheese and etc<br>Kymyz<br>Beshbarmak<br><br>Students should work in a team They should put the translations on the right way<br><br>With mostly **stronger students**, check their understanding of the key words after they do this task. This means that they will use the context to do the task and identify any unfamiliar words, for example, *dough* and *broth*.<br>Ex2 **a** dough **b** boil **c** broth **d** dish | Coins<br>Emoticon<br>Formative assessment<br><br>Formative assessment | Pizza papers<br><br>Student's book |
| Homework | • Ask students to research a traditional dish from a different<br>cuisine, e. g. Chinese, Japanese, Mexican, etc. Students should find a recipe and make a note of the ingredients and basic steps. They should also find photos of the end result (i. e. the dish) to show to class.<br>• Alternatively, ask students to write a description of the dish<br>they have chosen based on the text on page 67. Their text should be much shorter, e. g. two paragraphs. | • Ask them to present the dish to the class at the beginning of the next lesson. Have a class vote on, e. g. the healthiest/most delicious-looking/most horrible dish.<br>• Collect and check students' descriptions in the next lesson. | Formative assessment | Internet |



**ЖУМАГАЛИЕВА ШОЛПАН ИСКАНДЕРОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
көркем еңбек пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# КӨКӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕРДЕН САЛАТ ӘЗІРЛЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

| | |
|---|---|
| ***Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары*** | *5.2.4.4-Салқынтағамдар мен сусындардыәзірлеутехнологиясынбілужәнеқолдану<br>5.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялау бойынша конструктивті пікірлер, ұсыныстарды білдіру<br>5.1.3. 1-Шығармашылық идеяларды зерттеу мен дамыту үшін ақпарат көздерімен жұмыс істеу (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды "қолдану арқылы)* |
| ***Сабақтыңмақсаты*** | *- Жемістер мен көкөністер салатын әзірлеу технологиясн білу және қолдану.* |
| ***Сабақтың барысы:*** | |

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурс** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br><br>***Ұйымдас-тыру кезеңі***<br><br>***4 минут*** | Сәлемдеседі<br>Оқушыларды түгендейді. Жағымды ахуал қалыптастырады. Тігін машинасының түрлі-түсті жіптерін білім алушыларға таратады.<br>Алдыңғы білімді еске түсіру негізінде<br>*«Конверттегі сұрақ »* әдісімен<br>4-сұраққа жауап береді:<br>1. Салат дайындау үшін қандай азық-түлік керек?<br>2. Көкөністен қандай салат әзірлеуге болады?<br>3. Неліктен көкөністер мен жемістерді күнде тұтыну керек?<br>4. Салат дайындау үшін қандай құрал-жабдықтар қажет?<br>5. Алғашқы салатты қай ел ойлап тапты?<br><br>**Дескриптор**<br>*Сұрақтарға толық жауап береді*<br><br>*«QR»* әдісі барысында топ басшылары Жеміс, көкөністтердің | Мұғаліммен амандасады.<br>Түрлі түсті жіптерді таңдап алып, келесі білім алушыға жіп түсінің алғашқы әріпіне байланысты жағымды пікір айтады.<br><br>Білім алушылар сұрақтарға болжамды жауап береді:<br>1. Көкөністер мен жемістер.<br>2. Көктемгі салаты, нәзік көкөніс салаты т. б.<br>3. Дәрумендерге өте бай.<br>4. Пышақ, тақтай, ыдас т. б. .<br>4. Кофе, какао, шәй сусындары ұсынылады.<br>5. Италия (Salato) | Ынталандыру Сыйлығы «чупа-чупс» | <br>Түрлі-түсті жіптер<br><br>Оқулық 86-87 беттер<br><br>*Прези платформасыарқылы*<br>*Слайд 1-5* |

<table>
<tr><td></td><td>суреттері арқылы топқа бөліне жене муляждарды топқа таратады.<br>Сабақ мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстырады.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>Жаңа материал-ды меңгерту<br><br>5 минут</td><td colspan="4">Жаңа сабақты түсіндіру, қосымша ақпараттар:<br>. Салат – жаңа жиналған, асқан, ашытқан, маринадталған, көкөністерден, сондай-ақ жемістерден және жидектерден, ет, балық өнімдерінен, саңырауқұлақтан, тағы басқа өнімдерден әзірленеді.<br>. Алғашқы салатты Римдіктер ойлап тапқан. Үлкен тойларда бал, тұз, сірке суы, май қосып тағамдарды ұсынуды әдетке айналдырған.<br>. «Salato» ұғымды тұздалған тағам деген мағына береді.<br>. Салатқа арналған бүкіл азық-түлікті, әуелі салқындатып, содан соң жұқалап немесе ұзынша әрі жіңішкелеп кесу керек. Шикі көкөніс салаттары дастарқанға қояр алдында дайындалады. Көкөніс тұрағаннан кейін жарық жерде ұзақ тұрып қалса, жұғымдылығы мен дәмін жояды. Дастарқанға қоярда салаттың үстіне қаймақ, өсімдік майы мен майонез құяды. Ол дастарқанға көкөніс салатының жапырақтарымен, петрушкамен, помидор, қияр тіліктерімен, тағы басқаларымен әсемдеп, арнайы салат ыдысына салынып әкелінеді<br>Қосымша ақпарат:<br>Көкөністер-бағалы тағам. Көкөністерде адам ағзасына қажетті дәрумендер мен минералдар мен минералды тұздар сондай-ақ белоктар әр-түрлі органикалық қышқылдар эфир майы мол. Мысалы картоп - крхмалға, қызылша-қантқа бай, қырыққабат-Сдәрумені, ал сәбізде-А дәрумені көп. Қызанақтың құрамында адам организіміне пайдасы мол В1, В2, В5, және А, Е, С дәрумендері бар. Қызанақты үнемі пайдалана отырып иммундық жүйені нығайтып жүрек қызметін жақсартып ас қорытуды реттеп холестеринді азайтуға болады. .<br>. Алма жемісінде С витамині бар. Ол иммунитетті көтереді. Сонымен қатар алма жемісінен бөлек көптеген пайдасын берер жеміс-жидектерді тағам рационына ендірген жөн.<br>БАНАН -құрамында -22 - 25% көмірсулар, 14 - 22% қант, 5 - 8% крахмал, 1 -1,5% белок, 0,5% май, сонымен қатар минералды тұздар, А, В, С, Р витаминдері бар. Банан жемістерін жас күйінде және кептіріп те жеуге болады, одан банан ұны, консерві, мармелад, шәрбат, ш ЖҮЗІМ - жидегінің шырынының құрамында: су (65-80 пайыз) , фруктоза, глюкоза (15-30 пайыз) , органикалық қышқылдар (4-11 пайыз) , пектин (0,3-1,2 пайыз) , минералдық заттар (0,3-0,6 пайыз) , және С, В1, В2, РР дәрумендері; провитамин А (каротин) бар. Жүзім құрамындағы дәрумендердің миға пайдасы өте зор. .<br>. Жеміс-жидектер және көкөністерде дәрумендер көп. Дәрумендер біздің ағзамызға өте қажет. Жеміс-жидектерді күнделікті өз мөлшерінде тұтынсақ денсаулығымызға да едәуір пайдасы болады.<br><br>«Дизайн» әдісі арқылы берілген нұсқаулық карта бойынша тәжербиелік жұмыс мазмұны түсіндіріліп, екі топ салаттар даярланып әсемдейді. Білім алушылар. Жұмыс барысында, құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техниукасын сақтау туралы слайд көрсетіледі. .</td></tr>
<tr><td>17 минут</td><td>Жаңа тақырып бойынша тәжербиелік жұмыс 1-тапсырма<br>Берілген нұсқаулық карта бойынша жұмыс мазмұны түсіндіріліп, екі топ салаттар даярланып әсемдейді. Білім алушылар. Жұмыс барысында, құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техниукасын сақтау туралы слайд көрсетіледі.<br><br>Нұсқаулық карта №1 Жемістер салаты<br><table><tr><td>р/с</td><td>Құрамы</td><td>Мөлшері</td></tr><tr><td>1</td><td>Банан</td><td>1 дана</td></tr><tr><td>2</td><td>Апельсин</td><td>1 дана</td></tr><tr><td>3</td><td>Алма</td><td>1 дана</td></tr><tr><td>4</td><td>Жүзім</td><td>200 грамм</td></tr><tr><td>5</td><td>Иогурт</td><td>150 гр</td></tr><tr><td></td><td>Дайындалуы</td><td></td></tr><tr><td>р/с</td><td>Орындалу реті</td><td>Тапсырманы орындауға нұсқау</td></tr><tr><td>1</td><td>Жемістерді өңдеу</td><td>Алдымен жемістерді жуу қажет банан мен</td></tr></table></td><td>Берілген нұсқаулық карта бойнша екі топ салаттар даярлап әсемдейді.<br>Жалпы қауіпсіздік ережесі еске түсіреді.<br>Қауіпсіздік ереже:<br>✓Арнайы киім киіп, шашты орамал астына жинаңдар<br>✓Ақауы бар немесе өтпейтін құралдарды қолданбаймыз<br>✓Жұмыс орындарын таза және жинақы ұстаңдар</td><td>Бағалау<br><br>Ынталандыру Кнфет табысту арқылы бағалау</td><td>Санитарлық гигиеналық-талаптар. , қауіпсіздік ережелері<br>Прези Слайд №7-8</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td></td><td></td><td>апельсин қабығын аршу.</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Жемістерді турау</td><td>Тазартылған жемістерді текшелеп тураймыз.</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Араластыру</td><td>Туралған жемістерді араластыра отырып ыдысқа саламыз бетіне екі бөлікке бөліп туралған жүзімді саламыз.</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Иогуртпен құю</td><td>Әдемілеп иогуртыни құямыз</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Ұсыну</td><td>Ыдысқа салып айналасына безендіруге қажетті. заттарды қоямыз, ұсынамыз.</td></tr>
</table>
<br>
Нұсқаулық карта № Көкөніс салаты Нұсқаулық карта №2 Көктемгі көкөніс салаты
<br>
<table>
<tr><td>р/с</td><td>Құрамы</td><td>Мөлшері</td><td>Жасалу жолы</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Қызанақ</td><td>1 дана</td><td rowspan="6">Барлық көкөністерді текшелеп, салат жапырақтарын тілімдеп немесе сабаншалап турап, зәйтүн майымен араластырып салатты өдемі ыдысқа салвп ұсынамыз.</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Балғын қияр</td><td>1 дана</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Тәтті бұрыш</td><td>3 дана</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Брынза</td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>оливки</td><td>8-10 дана</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Салат жапырағы</td><td>1 бума</td></tr>
<tr><td colspan="4">Дайындалу жолдары</td></tr>
<tr><td>1.</td><td colspan="2">Көкөністерді өңдеу</td><td>Көкөністерді жуу, дәндерінен тазалау</td></tr>
<tr><td>2.</td><td colspan="2">Көкөністерді турау</td><td>Тілімдеп ірі текшелеп турау әдісі.</td></tr>
<tr><td>3.</td><td colspan="2">Араластыру</td><td>Туралған көкөністерді араластыра отырып ыдысқа саламыз бетіне екі бөлікке бөліп туралған оливки саламыз</td></tr>
</table>
</td>
<td>✓Жұмыс соңында өз жұмыс орнынт жинаймыз<br>Дескриптормен тапсырманы орындайды<br>Қауіпсіздік ережесін, Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтайды.</td>
<td>Ынталандыру сыйлығы</td>
<td>Жеміс термен көкөністер<br><br>Таратпа нұсқаулық карта,<br><br>пышық,<br><br>тақтай,<br><br>перчатка,<br><br>сулық</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td rowspan="2">3 минут<br><br>3 минут</td>
<td>
<table>
<tr><td>4.</td><td>Тұздық</td><td>Майонез құямыз</td></tr>
<tr><td>5.</td><td>ұсыну</td><td>Ыдысқа салып айналасына безендіруге қажетті. заттарды қоямыз, ұсынамыз.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Керекті құрал-жабдықтар</td></tr>
<tr><td colspan="3">Тақтай, пышақ, резинка қолғап, ыдыстар, сулықтар</td></tr>
</table>
<br>
2-тапсырма (топтық жұмыс) . «Айналмалы бекет»әдісі бойынша білім алушылар 1 топ бастап жазады ары қарай 2 топқа жалғастыруды тапсырады, ал тиісінше 2 топтың жұмысын 1 топ жалғастырып аяқтайды<br>
1. Топ «Жеміс-жидек» салатын дайындайды технологиялық үдерісін еске түсіріп кесте толтыру<br>
2. Топ Жеміс-жидек салатының сапасына қойылатын талаптар.<br><br>
Дескриптор:<br>
. Оқушылар салат дайындауға пайдаланған негізгі және қосымша азық-түліктерді, сонымен қатар дайындау үдерісіне қажетті асүй жабдықтарын талдайды.<br>
Салат дайындау барысында азық түлікті өңдеуге және сапасын анықтауды үйренеді<br><br>
. Оқушылар класс арасында өз түсінгендерін жариялайды,<br><br>
Дайын тағамды безендіру мен дастарханға ұсынады
</td>
<td>«Айналмалы бекет» әдісі бойынша көкөніс/жеміс таңдауды салатқа пісірілген азық-түлік салынса, суып үлгеруі үшін оларды алдын-а ла дайындап қоюды, рецеп бойынша салат дайындауды, дастарханға салатты ыдысқа салып безендіруді, үйренедіжәне санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтайды.<br>
Санитарлық-гигиеналық талаптар:<br><br>
✓Ас әзірлеуші адам жұмысына кіріспестен бұрын, қолын сабындап жууы қажет және тамақ дайындаушыны ң басында арнайы бас киім болғаны жөн.<br>
✓Себебі ас дайындау барысында сақталмаған гигиеналық ережелердің нәтежесіне тамақ қабылдаушы адамның организіміне микробтар жұғады</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>3- тапсырма: топтық жұмыс«Серпілген» саулал<br>Маринадталған көкөністер мен күздік салаттарды ң муляждарын банкаға айырып салу арқылы білімдерін тексеру</td>
<td>«Серпілген» саулал<br>Екі топқа берілген екі банкаға маринадталған көкөніс пен күзгі салаттарды айырып үйренеді</td>
<td>Ынталандыр у сыйлығы</td>
<td>Прези слайд<br>Көкөністер муляждары</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***5 минут*** | Сабақты қорытындылау мақсатында **Wordwall** платформасында 3 сұраққа жауап беріңіздері.<br>Жеміс тобы.<br>1. Салат дайындаған кезде қолданатын турау тәсілдерін атаңдар?<br>2. Тәжірбие жұмысында қандай құрылғылар қолдандыңдар?<br>2. топ.<br>1. Аспаптармен құрал-жабдықпен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік ережелерін атаңдар<br>2. Салат дайындау үшін көкөністі тураудың қандай түрін таңдадыңдар?<br>**Дескриптор**<br>*Тест сұрақтарына жауап береді.* | Сабақты қорытындылау мақсатында Wordwall платформасында 3 сұраққа жауап береді.<br>Болжамды жауаптар:<br>1 топ<br>1. Текшелеп, сақиналап, жартылай дөңгелектеп, сабаншалап, бөліктеп. .<br>2. Пышақ, тақта, ыдыстар т. б.<br>2 топ.<br>1. Кол жуу, құрал-жабдықтарды залалсыздандыру. | **Бағалау баллы:**<br>Тест сұрақтарына жауап береді:<br>Ынталандыру конфет тарату | АКТ<br>**Wordwall** платформасы |
| ***Сабақ-тың соңы***<br><br>***3 минут*** | **Рефлексия**<br>*«Алма»* әдісі арқылы жүргізіледі.<br>*Қызыл алма- мен бәрін түсіндім. .. ..*<br>*Жасыл алма-мен көп нәрсе үйрендім. .. .*<br>*Сары алма-Мен қиналдым. .. .* | *«Алма»*әдісі бойынша рефлекция береді.<br>Бағалау парағының яғни жеміс жидектің суретінің артына рефлекция жазып, қызыл, жасыл, сары түсті алмалардың тұсына жабыстырады. | . | Рефлекси |
| **Үйге тапсырма** | .Қарапайым салат түрлерін жасап үйрену | | | |



**ОМАРПАТШАЕВА АЙГҮЛ ЖАҢАБЕРГЕНҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# ЗАТ ЕСІМ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 2.2.3.1 - мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру<br>2.4.2.3 сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату<br>2.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжау |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** Сөз табы зат есімді ажыратады; Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді. Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап әдемі, қатесіз жазады. |
| Сабақтың барысы | |

| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдас-тыру, өзін – өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br><br>5 мин | **Ынтымақтастық атмосферасы**<br>**Өткен тақырыпқа шолу: «Сәйкестендір»**<br>**Жаңа тақырыпты ашу «Фантазёрлар» ойыны.**<br>Суреттерге қарап сөйлемдер құрастырады.<br>-Өте жақсы балалар!<br>-Енді айтыңдаршы, балалар, Айдос, футбол, аққала сөздері қандай сөз табы?<br>-Дұрыс айтасыңдар. Зат есім заттың атын білдіреді.<br>Сабақтың тақырыбы: Зат есім<br>Сабақ мақсаты: Сөйлемнен зат есімді ажырата білу.<br>-Ондай болса, ережені түсініп оқимыз.<br>Зат есім дегеніміз – заттың атын білдіретін сөздер зат есім дейміз. Зат есімдерге кім? не? нелер? кімдер? деген сұрақтар қойылады.<br>Бас әріппен басталып жазылатын зат есімдерге адам аттары, жер - су аттары, таудың аттары, жануарлардың ерекшелеп қойылған аттары жатады.<br>**Видеожазба көрсету** | 1. Сабаққа ынталары артады.<br><br>Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді.<br><br>Тақырыппен, сабақ мақсатымен танысады. Ережені оқиды. | Жұлдызшалар арқылы бағаланады. | Интерактивті тақта, суретті сөйлемдер, үлестірмелі парақшалар. |
| Жаңа білім<br>25 мин | *Көркем жазу*<br>Тақтада берілген сөйлілемдерді дәптерге көркем етіп жазу.<br>**6- жаттығу. «Дәмді ет» әдісі.**<br>**Мәтінді түсініп оқы.** Мәтіннің тақырыбына қарап, оның мазмұнын болжа. Сонан соң мәтінді түсініп оқы<br>**Тапсырма**<br>1. Мәтін мазмұны бойынша бір – біріңе сұрақ қой. | **Дескриптор:**<br>-Мәтінді түсініп оқып мазмұнын болжай алады;<br>-Мәтінге ат қояды.<br>-Мәтінге мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қояды;<br>- Мәтіннен кім? не? сұрақтарына жауап | **ҚБ:**4 балл | Оқулық, дәптер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту<br>5 мин | 2. Мәтіннен кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді тап.<br><br>**Дәптермен жұмыс/тақтамен жұмыс**<br>**7-жаттығу.**<br>Өлеңді көшіріп жаз. Зат есімдердің астын сыз.<br>«Қозым», - дейді мені апам,<br>«Қозым», - дейді мені атам.<br>Сөздеріне күлемін,<br>Қозы емеспін, білемін.<br>Ө. Ақыпбеков<br>**Тапсырма**<br>Өлеңнен зат есімдерді тап.<br>Өлеңде бала неге күлді деп ойлайсың?<br>Қалай ойлайсыңдар, ата – аналарың сендерді еркелеткенде неліктен ботам, құлыным деп атайды? Өз ойларыңмен бөлісіңдер.<br>Ал сендерді ата-аналарың қалай еркелетеді?<br>**Дескриптор:**<br>Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап әдемі, қатесіз жазады. Зат есімді табады.<br><br>**Сергіту сәті**<br>-Жақсы балалар, бойларыңды жазып алсаңдар сабағымызды әрі қарай жалғастырайық.<br><br>**8-жаттығу. «Білім хаты» әдісі. Жұптық жұмыс. «Оңнан солға»**<br>Оңнан солға қарай оқыса да, солдан оңға қарай оқыса да, өзгермейтін сөздерді тап.<br>**Дескриптор:**<br>Өзгермейтін сөздерді таба алады.<br>Сөздерге сұрақ қойып, сөз табын ажыратады.<br><br>**Топтық жұмыс.**<br>**1-топ. Тәтті бауырсақ**<br>**2-топ. Лабиринт. Жандосқа асығын табуға көмектес**<br>**3-топ. Із кесуші. Сөздерге іздеу саламыз**<br>**4-топ. Филворд** | беретін сөздерді табады.<br><br>**Дескриптор**<br>Өлеңді көркем жазады.<br>Зат есімдердің астын сызады.<br>Өз ойын ашық жеткізе алады<br><br>Іс қимыл жасап сергиді.<br><br>Жұптасып өзгермейтін сөздерді табады.<br>Сөздерге сұрақ қойып, сөз табын ажыратады. | **ҚБ:**3 балл<br><br>**ҚБ:**2 балл | Үлестірме парақтар. |
| Кері байланыс<br>5 мин | **Сабақты қорытындылау.**<br>**«Киіз үй» ойыны**<br><br>**Кері байланысты «Ат жарысы» әдісі** арқылы береді.<br><br>**Үй жұмысы:** 9-жаттығу | Сабақтан алған білімін, үйренгенін айтады.<br>Жинаған балдарын санап, тақтада көрсетілген суреттегі іс-қимылдарды балының санына байланысты қолмен көрсетеді. | ҚБ қойылады. | |



**ОСПАНОВА АЛМАГУЛЬ СЕРИКОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# И ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** Мәтіннен сөйлемді, сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөледі, жаңа үйренген дыбысты анықтайды; дыбыс пен әріпті таниды, оларды бір-бірінен ажыратады; оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу) қолданады; түсініп оқиды; дыбыстарды дұрыс дыбыстайды, оның мағына ажыратушы қызметін түсінеді; көркем жазу талаптарына сай жазу жолы, жол аралығын, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріптің, әріптердің өзара байланыс элементтерін жазады |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтіңәрекеті | Оқушыныңәрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру** ширату жаттығулары арқылы жүреді.<br>Қатар-қатар тізіліп,<br>Оқушыға лайық.<br>Қолымызды жіберіп,<br>Түп-түзу боп тұрайық.<br>Жақсы болып сабақта,<br>Әдеп сақтау сәніміз.<br>Отыруға накпа-нақ,<br>Дайындалдық бәріміз.<br>I - қатар – жай отыр,<br>II- қатар – тез отыр,<br>III – қатар – сен де отыр,<br>Сабақ бастар кез боп тұр!<br>**Өткенді қайталау «Пирамида»**<br><br>**Оқу материалын жариялау**<br>-Балалар, орнымыздан тұрып билейік.<br>**«Тик ток билерін билеу»**<br>TikTok<br>-Балалар біз жаңа не істедік?<br>-Қандай би биледік?<br>-Би, тик ток сөздерінде бізге қандай дыбыс таныс емес?<br>Иә, дұрыс айтасыздар балалар. Олай болса бүгін біз И дыбысы мен әрпі тақырыбымен танысатын боламыз. | Сұрақтарға жауап береді.<br>Тақырыпты ашады.<br><br>Өткен ж әрпін жазады.<br>Дыбыстық талдау жасайды.<br>Одан сөз құрайды.<br>Сөзді буынға бөледі.<br>Сөзден сөйлем құрайды.<br>Сөйлемнің сызбасын сызады.<br><br>Сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты ашады. | «Бас бармақ» әдісі<br><br>Оқушының жұмысына қарай мадақтап. қолпаш сөздер білдіру. | Интер тақта, слайд, интернет желісі, , үлестірмелі парақшалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **И дыбысымен таныстыру.**<br><br>-Балалар, И дыбысы бізге қандай көйлек киіп келіпті?<br>-Қызыл көйлек киген дыбысты қандай дыбыстар деп атаймыз?<br>-Менімен бірге И, И, И деп қайталайық. И, И, И дыбысы созылып, кедергіге ұшырамай айтылады.<br>Дыбыс бізге қалай естіледі? Жуан ба? Әлде, жіңішке ме?<br>Тағы да суреттегі сөздерге назар аударыңдар. И дыбысы сөздің қай жерлерінде кездесіп тұр?<br>-Ондай болса, қандай ереже шығарамыз?<br>**-И дыбысы жіңішке дауысты дыбыс. Ол сөздің басында да, ортасында да, соңында да кездеседі.**<br>**-Балалар, менің қолымдағы не?**<br>**-Дұрыс айтасыңдар, Ирис кәмпиті. Кім қанша «Жарайсың! »алса, сол оқушыларға тәтті ирис кәмпиттерін беремін. Сабақ соңында кім ең көп тәтті кәмпит жинаса, сол бала бүгінгі сабағымыздың жұлдызы болады.** | Балалар мұғалімнің сұрағына жауап береді | | |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **1-тапсырма. Суретпен жұмыс.** Сурет мазмұны бойынша әңгіме құрау. Сұрақ қою және оқушылар жауабының дұрыс және толық болуын қадағалау.<br>-Балалар, суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Далада кімдер ойнап жүр?<br>-Аружан ағаштың басынан нені көрді?<br>-Балалар неліктен қуанды?<br>**2- тапсырма «Көркем жазу»** презентация арқылы әріптердің жазылу емлесімен танысады.<br>-Балалар, тапсырма орындамас бұрын И дыбысының жазылу емлесін үйренейік. Ол үшін тақтаға мұқият қараймыз.<br>-И әрпін ауада, тақтада жазып көрсету<br>**«Жұптық ойын» «Тиінге, итке көмектес»**<br>Жаңғақтар мен сүйектердегі сөздерді оқып, жануарларға көмектесейік.<br>**(Ұжыммен жұмыс)**<br>**1-топ-Топпен оқиды**<br>**2-топ-Тізбектеп оқиды**<br>**3-топ-Мәтіннің мазмұнын айтады**<br>**3-топ: «Ең жақсы мекен» липучкалы ойын. Жануарлардың мекенін анықтайды.**<br><br>Ең жақсы мекен – әркімнің өз мекені. Ит үйшікте, тиін ағаш дінінде тұрады. Тышқан інді, кит теңізді мекен етеді. Ал төрт түлік қайда тұрады?<br>**«Миға шабуыл» әдісі.**<br>**-Оқыған мәтіннен И дыбысы бар сөздерді тауып оқы.**<br>**-Тапқан сөздеріңді буынға бөл.**<br>**-Жарайсыңдар, балалар!**<br>**-Енді бір бой жазып, серігіп алайық.**<br>**Сергіту сәті « Аққала» биі**<br>**-Жарайсыңдар, балалар!**<br>**Топтық жұмыс «Із кесуші» ойынын ойнаймыз**<br>**« Су ли фа» ойыны арқылы топқа берген тапсырмаларды бөліп алады.**<br>**1-топ – И дыбысы бар сөздерге іздеу саламыз.**<br>**2-топ – И дыбысы бар суреттерге іздеу саламыз**<br>**3- топ –Түсіп қалған әріптерге іздеу саламыз.** | И дыбысының жазылу емлесін түсініп қарайды.<br>Дәптерге әріптің емлесін сақтай отырып, И әрпінің үлкен және кіші әріптерін жазады.<br><br>Балалар мәтінді түсініп оқиды, мазмұнын айтады, ең жақсы мекенді анықтайды<br><br>Сергіп би билейді.<br><br>Топтасып «Із кесуші» рөліне кіріп топтық жұмысты орындайды.<br><br>Жұптарымен И дыбысына қатысты сөздерді тайтады.<br><br>Пирогтегі сөздерді буындап оқиды. | Жасаған жұмыстарына қарай қолпаштап, мадақтап отыру.<br><br>Жарайсындар! | Бейнеролик<br><br>Караоке |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **4-топ – Әіптердің арасынан И дыбысы бар жеміс-жидектерді табамыз**<br>**Жұптық жұмыс «Кім тапқыр» ойыны ойналады.**<br>**Сабақты қорытындылау**<br>**«Тәтті пирог» ойыны.**<br>**Нәтижесінде** *И әрпін ажыратады. Әріптердің жазылу емлесін дұрыс қолданады. Сөздерді буынға бөліп оқи алады.* | | | |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **Рефлексия: «Көңіл-күй бағдаршамы»**<br>Оқушылар көңіл-күйлеріне сәйкес смайликтерді алып бағдаршамға жабыстырады.<br><br>-Ендеше «Жұлдыздарың жарқырай берсін! » деп жұлдызбен марапаттаймын. | Парақшаларындағы боялған тәттілерін санайды.<br>Кімдікі көп болса, сол бүгінгі сабақтың жұлдызы болып есептеледі. | <br>Сабаққа белсене қатысқан оқушыларға жұлдыздар беріледі. | |



**ШАМУРАТОВА БИБИГУЛ ИВАНОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# №69 САБАҚ. ҮҮ ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | **1.1.5.2 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу;**<br>1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.2.5.1* мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру;<br>1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу |
| Сабақтың мақсаты | Үү дыбысы мен әрпін меңгерту |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі// уақыты | Педагогтің әрекеті | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| *Сабақ тың басы*<br>5 минут | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>Ойсергек. Тыңдалым.<br>«Саққұлақ» ойыны. Оқушылар оқылған немесе тыңдалған шығармадан «ү» дыбысы кездескен сөздер санын анықтайды. (Оқушылар ойынға белсенді қатыса отырып, тыңдалым дағдысын дамытады) .<br>«Түлкі мен қасқыр» ертегісінен үзінді.<br>Ертеде түлкі мен қасқыр айырылмас дос болыпты. Бір күні екеуі жортып келе жатып, жол үстінде жатқан бір кесек еттің | Оқылған немесе тыңдалған шығармадан «ү» дыбысы кездескен сөздер санын анықтау. Көп сөз тапқан оқушы жеңімпаз саналады. |  |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | үстінен шығыпты. Етті түлкінің де, қасқырдың да жегісі келеді. | | | |
| Өткенді пысықтау<br>5 минут | Өткенді пысықтау<br>« Балмұздақ таяқшалары» әдісі<br>Үү дыбысы және әрпі<br>Оқылым<br>Үш түн күз үкі<br>Күш күн жүз үкімет<br>Үш би туралы мәтінді оқы. | Өткен тақырыпты пысықтайды | Дескриптор:<br>Үү дыбысы мен әрпін меңгерген. Сөздерді тұтас, буындап оқи алды |  |
| *Сабақ тың ортасы*<br>20 минут | Жаңа тақырып<br>Дыбыстық жинақтау дағдысын дамыту жұмысы.<br>Оқылым.<br>1-тапсырма.<br>Оқулықтың 72-бетінде оқуға берілген сөздерді оқушылардың түсініп оқуына қолдау жасау.<br>Түлкі шұмек күрек дүрбі<br>Күлкі түбек жүрек Үміт | Әр буындағы дыбыстарды тұтастырып, «бір дыбыс» сияқты қосып, яғни дауыссыздан дауыстыға қарай және дауыстымен үндестіріп оқиды. | Дескриптор:<br>Сөздерді тұтас айтылуымен түсініп оқыды.<br>Әрбір дыбысты естіп, әріпті көріп, өздігінен саналы оқыды. | Оқулық |
| | 2-тапсырма.<br>Сөздің ортасында орналасқан дыбысты өзгертіп, салыстырып оқу.<br>Ұ-Ү<br>құн – күн    құндыз – күндіз<br>құл – күл    тұр – түр<br>тұз – түз    тұс – түс<br>сұр – сүр    ұру – үру | Салыстыру жасайды | Дескриптор.<br>Сөздің ортасындағы дыбысты өзгерткенде, сөздің мағынасы өзгеретінін түсінді. Оларды салыстырып оқыды. | Суреттер<br><br>Суреттер |
| | Тақтамен жұмыс<br>ЕБҚ<br>Сөздерді қатесіз жаз.<br>Түлкі, шұмек, дүрбі.<br><br>ЕҚБ<br>Түлкі сөзіне сөйлем құра<br>Мсыалы: Түлкі қу болады. Түлкінің құйрығы ұзын. | Жеке жұмыс жасайды | <br><br>Дескриптор:<br>Түлкінің түр-түсін, қасиетін білдіретін сөздерді тапты | <br><br>Суреттер |
| | ФС тапсырмасы<br>3-тапсырма. Түлкіні сипаттау.<br>Қандай? | Түлкіні сипаттайды | Сипаттау сөздерін қолдана алды | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>2 минут | <br>Түлкінің түсі қызғылт сары, құйрығы ұзын, құлағы тік, қу.<br><br>Тіл дамыту жаттығулары<br><br>Жазылым<br>Оқулықтағы 4-тапсырмада орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құрап, дәптерге көшіріп жазу.<br>Түлкі – аң. Түлкінің терісі бағалы. Ол таулы жерде, орманда тіршілік етеді. | Жаттығу жасайды<br><br>Оқушылар жазу дәптеріндегі тапсырмалар ды орындайды: үлгі бойынша сөздер мен сөйлемдерді жазады | <br>Дескриптор:<br>Орны ауыстырылып берілген сөйлемдер ден мәтін құрады | ЖҰмыс дәптері<br><br>Суреттер<br><br>Жұмыс дәптері |
| *Сабақты қорыту*<br>6минут | **Түлкі туралы мағлұмат айту**<br><br>Бекіту және саралау<br>Саралау тапсырмасы<br>1-деңгей:<br>Берілген дыбыс сызбасы қай суретке тиесілі екенін анықта.<br>Күркетауық<br>2-деңгей:<br>Сызбадағы сөзге дыбыстық талдау жаса. «Ү» дыбысының сөздегі орнын анықта.<br>3-деңгей:<br>Күркетауық сөзімен сөйлем құра. | Оқушылар өздеріне берілген саралау тапсырмала рын орындайды.<br> | 3. Сабақ соңында өз іс-әрекетіне (каллиграфиялық талапқа сай дұрыс және сауатты жазды<br><br>Дескриптор:<br>1-деңгей<br>Дыбыс сызбасына сәйкес келетін сурет атауын тапты<br>2-деңгей<br>Сөзге дыбыстық талдау жасайды. «Ү» дыбысының сөздегі орнын анықтады.<br>3-деңгей<br>Күркетауық сөзімен сөйлем құрады | |
| Қосымша тапсырма<br>2минут | ҚЖ:<br>Сөздік диктант<br>Күркетауық, күрек, дүрбі, күлкі, Үміт.<br>Тапсырма:<br>Ү әрпінің астын сыз | Сөздік диктант жазады | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс<br>5 минут |  | Кері байланыс жасайды | <br>«Білім гүлі» әдісі | Кері байланыс парақтары |



**ЖАЙМАНОВА ГҮЛМИРА ТӨЛЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | **4.1.4.2 Сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану, таныстырылым, бейнежазба жасау**<br>**4.2.1.2* Шығарманы іштей көз жүгіртіп шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу**<br>**4.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып, түзету** |
| Сабақтың мақсаты: | **Барлық оқушылар:** Оқушылар оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Кітапхана ережесін құрады<br>**Көптеген оқушылар**: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Тақырыпты болжайды, анықтамалық<br>**Кейбір оқушылар:** Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. Анықтаманың бірнеше нұсқасын табады. |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақ кезеңі/Уақыты** | **Педагогтің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>Қызығушылықты ояту.<br>Ұжымдық жұмыс.<br>**3 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>1. Оқушылармен амандасу, түгендеу.<br>2. Оқушыларды топтарға біріктіруді ұйымдастыру:<br>Жалаулардың көмегімен оқушыларды 3 топқа біріктіру.<br>I-«Бақыт жалаулары» тобы<br>II «Арман жалаулары» тобы | **(Ұ) *“Кездесу” әдісі*** арқылы оқушылар бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастырады.<br>**Мақсаты:**<br>Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды | Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды ***«Мадақтау сөз» әдісі*** арқылы бағалайды:<br>*«Тамаша! Керемет! Өте жақсы! Талпын! »* |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | III– «Қуаныш жалаулары» тобы<br>**Саралау:** Бұл жерде қолданудың **«Жіктеу»** тәсілі арқылы көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға қолдану еркіндігі беріледі. | қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.<br>**Тиімділігі:** Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл -күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | | |
| ***Миға шабуыл. «Шырату» әдісі.***<br>Ұжымдық жұмыс.<br><br>**5 мин.** | Алдыңғы білім мен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында экранда көрсетілген суреттерге мұғалімнің көмегімен (бағыт-бағдары, нұсқауымен) жауап береді.<br>**Саралау:** Бұл жерде саралаудың **«Үйрете отырып үйренемін»** тәсілі қолданылады. Бірін-бірі оқыту арқылы жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға қосымша ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға қосымша жетелеуші сұрақтар қойылады.<br>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім экраннан **сабақтың тақырыбы мен сабақтың мақсатын таныстырады.** | **Сұрақтар:**<br>1 Кітапхана дегеніміз не?<br>2. Кітапханаға не үшін барамыз?<br>3 Қандай кітаптарды оқығанды жақсы көресің?<br>4. Біздің мектебіміздегі кітапханашы апайымыздың аты кім?<br>**Мақсаты:** Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту.<br>**Тиімділігі:** Оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. | **Дескриптор:**<br>-1 сұраққа жауап береді;<br>-2 сұраққа жауап береді;<br>- 3 сұраққа жауап береді;<br>- 4 сұраққа жауап береді;<br>Жалпы-2балл.<br>Сонымен қатар, өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға **«Жарайсың! » «Керемет» «Сенің қолыңнан келеді»** деген *мадақтау сөзімен* ынталандыру. | ДК экраны<br><br>Сұрақтар топтамасы.<br><br>Оқулық 4-сынып. |
| **Сабақтың ортасы**<br>Мағынаны ашу. Айтылым<br><br>Топтық жұмыс.<br>**8 мин.** | **«Зертте» әдісі.**<br>Оқушыларға тақырыпқа байланысты нақыл сөздер беріледі. | **№ 1 -тапсырма:** -Салт – дәстүр дегеніміз не?<br>-Салт – дәстүріміздің маңыздылығы? Ойыңды түсіндір. | **Дескриптор:**<br>- Салт- дәстүр жайлы айтады;<br>- Өміріміздегі мағынасын анықтайды<br>Жалпы-2балл. | ДК экраны<br>4-сынып оқулығы |
| | **«Түртіп алу» әдісі.**<br>Оқулықтағы «Тілдік бағдар» айдарының тапсырмасы беріледі. | Керекті нақыл сөздермен танысып, өз дәптерлеріне тапсырманы орындайды. | Мұғалім сабақ барысында белсенділік танытқан оқушыларды ***«От шашу» әдісі*** арқылы бағалайды: | ДК экраны<br>4-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері.<br> |
| Топтық жұмыс.<br>**8мин.** | **№3-тапсырма:**<br>Өлеңді мәнерлеп оқу<br>***Мақсаты:*** Өлеңге қатысты сөздерді | Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық | **Дескриптор:**<br>- Өлеңді мұқият тыңдайды;<br>- Өлеңнің мазмұны не туралы екенін | ДК экраны<br>4-сынып оқулығы. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ажырата алу, мағынасын ашу<br>***Тиімділігі:*** Тыңдалым мен оқылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Қолдану»*** тәсілі көрініс табады. | талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп кестені толтырады. | анықтайды сипаттайды;<br>Жалпы-1 балл. | |
| Жеке жұмыс.<br>**8 мин.** | **№4-тапсырма**: Суреттердің көмегімен диалог құрау.<br>***Мақсаты:*** Жылы қарым –қатынас орнату.<br>***Тиімділігі:*** Оқылым мен айтылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Диалог және қолдау көрсету»*** тәсілі көрініс табады. | Берілген тапсырма бойынша мәтінді оқиды. Өзіндік ойын тұжырымдайды. Оқып, танысқан кеңестерді басшылыққа алып, сұрақтарға жауап береді. | **Дескриптор:**<br>-Кеңестерді оқиды.<br>-Сұрақтарға жауап береді.<br>Жалпы – 1балл. | ДК экраны<br>4-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері. |
| Жұптық жұмыс.<br>**5 мин.**<br><br>*Жазылым.* | Жұмыс дәптердегі Кестені толтыр.<br>***Мақсаты:*** *Б*ерілген сөздердің атқаратын қызметін жазу арқылы бір-бірінен айырмашылығын ажыратады.<br>***Тиімділігі:*** Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы мен жазылым дағдысы қалыптасады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Тапсырма»*** тәсілі көрініс табады. | Төменде берілген сөздердің атқаратын қызметін жазады.<br>1. Салт - дәстүр<br>2. Термин сөздер<br>3. Кәсіби сөздер | **Дескриптор:**<br>- Өлеңге қатысты сөздерге мысал жазады-1б.<br>-Салт – дәстүр сөздеріне ереже мен мысал жазады-1б.<br>- Кәсіби сөздерге ереже мен мысал жазады-1б. | ДК экраны<br>4-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері. |
| Сабақтың соңы.<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия<br><br>Жеке жұмыс:<br>**3 мин.** | **«Бір қалам, бір қағаз»** әдісін пайдаланып сабақ бойынша түсінгеніңді жаз.<br>**Пікір:** Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.<br>**Дәлел:** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.<br>**Мысал:** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, бір мысал келтір.<br>**Қорытынды:** Тақырып бойынша қорытынды жаз. | Оқушылар өздерінің тақырып бойынша оқып, зерделегенін сөйлемдер арқылы тұжырымдайды.<br>***Мақсаты:*** Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау.<br>***Тиімділігі:*** Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.<br>***Саралау:*** Бұл тапсырмада саралаудың ***«Қорытынды»*** тәсілі көрініс табады. | **Дескриптор:**<br>«Бір қағаз, бір қалам» әдісі бойынша берілген тапсырманы толық орындайды-1б.<br><br>Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне қарай *«Қол шапалақтау» әдісі* арқылы бағалайды. | ДК экраны<br>4-сынып оқулығы.<br>Жұмыс дәптерлері. |



**ИСМАГУЛОВА АЙНУР БАКИТЖАНОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# БАЯНДАУЫШ

| | |
|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату;<br>3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыружәне жауап беру;<br>3.3.6.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету |
| Сабақтың мақсаты | **Барлық оқушылар:** Сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажыратады;<br>Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді.<br>Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап әдемі, қатесіз жазады. |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтыңк езең уақыт | Педагогтіңәрекеті | Оқушыныңәрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Ұйымдас-тыру, өзін – өзі тексеру<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br><br>5 мин | **Ынтымақтастық атмосферасы**<br>**Өткен тақырыпқа шолу: «Меморри»**<br>**Жаңа тақырыпты ашу «Фантазёрлар» ойыны.**<br>Суреттерге қарап сөйлемдер құрастырады.<br>-Өте жақсы балалар!<br>-Енді айтыңдаршы, жуды, ойнады, оқыды, к өмектесті сөздері қандай сөз табы?<br>-Дұрыс айтасыңдар. Етістік іс-қимылды білдіреді. Ал, іс-қимылдың иесі кімдер бұл сөйлемдерде?<br>-Раушан, балалар, Самат, Арман.<br>-Міне бұл сөздерді қандай сөйлем мүшесі деп айтады?<br>-Ал, бастауыштардың іс-қимылын білдіретін сөздер баяндауыш деп аталады.<br>Сабақтың тақырыбы: Баяндауыш<br>Сабақ мақсаты: Сөйлемнен баяндауышты ажырата білу.<br>-Ондай болса, ережені түсініп оқимыз.<br>Бастауыштың ісін, қимылын білдіретін сөздерді **баяндауыш** деп атайды. Баяндауышқа **не істеді? не қылды? қайтті?** деген сұрақтар қойылады: *Дана* ***оқыды****. Найзағай* ***жарқылдады****. Асан* ***оқып отыр****.* | 2. Сабаққа ынталары артады.<br><br>Өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді.<br><br>-Раушан кітап оқыды.<br>-Арман қолын жуды.<br>-Балалар қармен ойнады.<br>-Самат анасына көмектесті.<br>-Етістік<br><br>-Бастауыш<br><br>Тақырыппен, сабақ мақсатымен танысады. Ережені оқиды. | Жұлдызшалар арқылы бағаланады.<br> | Интерактивті тақта, суретті сөйлемдер, үлестірмелі парақшалар. |
| Жаңа білім 25 мин | **9- жаттығу«Ілесіп көр»** әдісі<br>Бір бала мәтіннің бірінші сөйлемін оқып бастайды. Екінші сөйлемге үш бала қосылады. 3-4-сөйлемдерге бүкіл сынып қосылып мәтінді дауыстап оқып шығады.<br>Дискриптор: | **Дескриптор:**<br>Мәтінді оқиды.<br>**Дескриптор:**<br>Мәтінді оқиды.<br>Негізгі ойды анықтайды. | **ҚБ:**4 балл | Оқулық, дәптер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту<br>5 мин | -Мәтінді ілесіп оқиды;<br>-Мәтін мазмұны бойынша сұрақ қояды;<br>-Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қояды;<br>-Сөйлемнің қай мүшесі екенін табады:<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**10-жаттығу.**<br>Сөйлемдерді көркем жаз. Баяндауыштардың астын сыз. Бұл сөздер сөйлемнің қай мүшесі екенін сызып көрсет.<br>Киіз үй тегіс жерге тігіледі. Кереге басқұрмен тартылады. Шаңыраққа уық шаншылады.<br>**Дескриптор:** Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап әдемі, қатесіз жазады. Баяндауышты ажыратады.<br>**Сергіту сәті**<br>-Жақсы балалар, бойларыңды жазып алсаңдар сабағымызды әрі қарай жалғастырайық.<br>**11-жаттығу. Жұптық жұмыс. «Сынарын тап»**<br>**11.** Берілген сөздерге қатысты қимылды білдіретін сөздер тауып айт.<br>Оқушы ... ... ... ... Су ... ... ... ...<br>• Бұл сөздер сөйлемде қандай мүше болып тұр?<br>**Дескриптор:**<br>Іс қимыл сөздерді ажырата алады.<br>Ол сөздер сөйлемнің қандай мүшесі екенін біледі.<br><br>**Топтық жұмыс.**<br>**1-топ. Сәйкестендір**<br>**2-топ. Семантикалық карта**<br>**3-қатар. Тарсия әдісі**<br><br>**Сабақты қорытындылау.**<br>**«Баскетбол» ойыны**<br>https: //wordwall. net/ru/resource/39027791 | Мәтінге ат қояды.<br>Қарсылас топқа 1 сұрақ әзірлейді<br><br>**Дескриптор**<br>Сөйлемдерді көркем жазады.<br>Баяндауыштардың астын сызады.<br>Сөйлемнің қай мүшесі екенін сызып көрсетеді.<br><br>Іс қимыл жасап сергиді.<br><br>Жұптасып сөздерге қатысты қимылды білдіретін сөздерді жазады.<br>Сөйлемнің қай мүшесі болатынын айтады. | **ҚБ:**4 балл<br><br>**ҚБ:**2 балл | Үлестірме парақтар. |
| Кері байланыс<br>5 мин | **Кері байланысты«Принтер» әдісі** арқылы береді.<br>**Рефлексия: «Белгі бер»**<br><br>**Үй жұмысы:**12-жаттығу | Сабақтан алған білімін, үйренгенін айтады.<br>Жинаған балдарын санап, тақтада көрсетілген суреттегі іс-қимылдарды балының санына байланысты қолмен көрсетеді. | ҚБ қойылады. | |



**ЖАНИСОВ АРМАН БИСЕНБИЕВИЧ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
дене шынықтыру пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУҒА ДӘРІГЕРЛІК БАҚЫЛАУ

Мектепте дене шынықтыру жөніндегі жұмысты дұрыс жолға қоюдың негізгі жағдайларының бірі – жақсы ұйымдастырылған дәрігерлік бақылау болып табылады. Мектептегі дәрігерлік бақылаудың негізгі міндеттері – балалардың денсаулығын нығайтуда дене шынықтыру құралдарын және әдістемелік жұмыстарды дұрыс жолға қойып, кең көлемде қолдану. Осы міндеттерді іскке асыру үшін мектептің дәрігерлік ткексеруі: оқушылардың денсаулығын, дене жаттығуларымен айналысуын, санитарлық-гигиеналық жұмыстрын бақылайды, сондай-ақ, ата-аналар мен мұғалім арасындағы жұмыс жоспарын, балалады жарақаттан сақтандыруын ескерді.
Мектеп дәрігері мұғалімге балалардын денсаулығы жөнінде кеңес береді жоне дәрігерлік-гигиеналык талаптардың орындалуын қадағалайды. Дәрігердің, мұалімге берген кеңесі оқушылардың дене тәрбиесіндегі, денсаулығын нығайтудағы орындалатын негізгі міндеті болып табылады. Мектептегі барлық окушылардын жылына бір рет дәрігерлік бақылаудан өтуі міндетті тәртіп болып саналады.
Мектеп оқушыларының, міндетті дерігерлік бақылаудан өтуі негізгі топ, дайындық топ жоне арнайы топ болып белінеді. Оку тәрбие жұмысында оқушыларды дәрігерлік топтарга бөлуде мугалім ерекше коңіл бөледі.
Педагогикалық кеңесте дәрігер дәрігерлік бақылау жөніндегі қорытынды жұмыстарды талдайды. Дәрігерлік бақылау барысында дәрігер баланың денсаулық жағдайына, отбасында қандай аурулармен ауырғанына, созылмалы аурулар түрлеріне, жұкпалы аурулармен ауырғанына, терінің жағдайына без жолдарына, кеуде ауқымына, омыртқа қызметі жағдайына көңіл бөледі, антропометриялық бақылау (бойы, салмақ, кеуде ауқымы, т.б. ) жүргізеді. Сонымен қатар жүйке жүйесінің жұмысы, қан айналу, тыныс алу, көру, есту, тірек-қимыл аппараттары жұмысының, қызметіне үлкен көңіл бөледі. Қажетті жағдайда рентгенография, зәрін, қанын тексереді және де басқа зертханалык зерттеулер жургізеді. Бастауыш мектеп жасындагы балалармен денсаулығына байланысты сұрақтарды анықтау үшін дәрігер мұғаліммен, ата-аналармен тығыз байланыста болады. Негізгі топқа денсаулығы жақсы немесе аздаган кемшілігі бар, күш-қуаты жеткілікті балалар қабылданып, дене шынықтыру сабағына қатысып, спорттық секцияның біреуіне баруына болады. Олар жарысқа қатысып, жас ерекшелігіне қарай оқу көрсеткіштерін тапсырады. Даярлық топта сырткы тұлғасы, күш-қуаты толық жетілмеген, дене шынықтыруға құштар емес, бойында кейбір аурулардың нышаны бар балалар топталады. Оқу бағдарламасы мен жүргізілетін дене шынықтыру сабағы біртіндеп басталып, балаларды қызықтырып өзіне тартуы керек. Арнайы топ - бойында ауруы бар балалар. Олар уақытша немесе үнемі дәрігерлердің, мұғалімдердің бақылауында болады. Жаттығуларды орындау, өте сақтықпен бақылау аркылы орындалады. Олар арнайы және оқу бағдарламасымен дайндалады және оқу көрсеткіштерін тапсырудан босатылады.



**МҰХАМЕДИ ҚҰНДЫЗАЙ АМАНЖОЛҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# 51. УАҚЫТ. УАҚЫТТЫҢ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 2.1.3.4. Ұзындық (см, дм, м) /масса (кг, ц) /уақыт (сағ, мин, ай, жыл) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар** уақыт аралықтарының бірліктерін және олардың арасындағы қатынасы туралы білімін жетілдіреді.<br>**Көптеген оқушылар** уақыт аралықтарының бірліктерін ажыратады, өмірден мысал келтіреді. Апта күндері атауларының ретін, жыл мезгіліндегі айлар кестесін, ай атауларының кестесін құрады.<br>**Кейбір оқушылар** шамалар, олардың өлшем бірліктері бойынша білімдерін нақты іс-әрекет барысында қолдана отырып, тапсырмаларды шығармашылықпен шешеді. Өзі тұрып жатқан жерде жергілікті уақыт бойынша тәулік бөліктерінің ұзақтығын кестеге түсіреді. |
| | Сабақтың барысы |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>1 минут<br><br><br><br>2 минут | **I. Ұйымдастыру.**<br>**Шаттық шеңбері**<br>Қайырлы күн, достым!<br>Қайырлы күн болсын.<br>Бүгінгі күн біз үшін<br>Сәттілікке толсын!<br>**Жаңа топ құру. Қызығушылығын ояту.** Топтың атын «Көлеңкесін тап» ойыны арқылы тауып, содан соң әр топ өз жыл мезгілдерін пантонимо арқылы бейнелейді, қалған топ табады.<br>**1-топ «Қыс»**<br>**2-топ «Көктем»**<br>**3-топ «Жаз»**<br>**4-топ «Күз »**<br>**Жұмыс ережесін келісу**<br>➕ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>➕ Уақытты үнемдейміз!<br>➕ Нақты, дәл жауап береміз!<br>➕ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!<br>➕ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! | Мұғаліммен сәлемдеседі.<br>Өлең шумағын айтады.<br>Оқушылар топтың атын пантонимо арқылы бейнелейді. | Жарайсыңдар! | Слайд |
| **Сабақтың ортасы** | **Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын.** | | | Оқулық плакат |

<table>
<tr>
<td>7минут</td>
<td>III. Жаңа тақырып. Видео қарау. https: //youtube. com/watch? v=zBKR21P7bMo&feature=share<br>Білу және түсіну Оқулықпен жұмыс.<br>1 тәулік – 24 сағат: таңертең, күндіз, кеш, түн. Жер – біздің ғаламшарымыз. Жердің өз осін толық айналым жасаған кездегі уақыт – тәулік деп аталатыны, бір тәулікте<br>24 сағат бар екендігі және 24 сағат 4 уақыт аралығына (таңертең, күндіз, кеш, түн) бөлінетіндігі суретті кестенің көмегімен түсіндіріледі.<br>Оқушылармен таңертең, күндіз, кешке және түнде не істейтіні жайлы әңгімелесу.<br>– Таңертең немен шұғылданасың?<br>- Сен қай ауысымда оқисың?<br>– Үй тапсырмасын қай уақытта орындайсың?<br>– Кешке немен шұғылданасың?</td>
<td>Оқушылар видео қарайды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Мұғалімнің көмегімен кестені толтырады.</td>
<td></td>
<td>https: //youtube. com/watch? v=zBKR21P7bMo&feature=share</td>
</tr>
<tr>
<td>2 минут</td>
<td>1-тапсырма. Тәулік бөліктерінің ұзақтығын біліп, кестеге жаз.
<table>
<tr><th>Таңертең</th><th>Күндіз</th><th>Кеш</th><th>Түн</th></tr>
<tr><td>Сағ ... – сағ ... дейін</td><td>Сағ ... – ... сағ дейін</td><td>Сағ ... – сағ ... дейін</td><td>Сағ ... – сағ ... дейін</td></tr>
</table>
Бір тәулікте 24 сағат бар, ол төрт уақыт аралығына бөлінеді: таңертең, күндіз, кеш және түн.</td>
<td></td>
<td>Дескриптор:<br>1. Тәулік бөліктерінің ұзақтығын біліп, кестеге жазады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>2- тапсырма<br>1-топ «Қыс»<br>Апта күндері атауларының тізбегін жаз. Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі<br>2-топ «Көктем»<br>Суретке қарап, күнделікті күн тәртібің туралы әңгімеле.<br>3-топ «Жаз»<br>Суретке қара. Қыс, көктем мезгілдерінің айларын ата.<br>4-топ «Күз »<br>Суретке қара. Жаз, күз мезгілдерінің айларын ата.<br>Жыл- жер планетасының Күнді толық бір айналым жасағандағы уақыт. Бір жылда он екі ай бар, олар үш айдан төрт жыл мезгілін құрайды: қыс, көктем, жаз, күз.<br>
</td>
<td>Апта күндері атауларының ретін құрып жазады.<br><br>Кестеге уақыт шамаларын өсуі, кемуі бойынша орналастырады.</td>
<td>Дескриптор:<br>1. Апта күндері атауларының ретін құрып жазады<br>Дескриптор:<br>1. Күн тәртібі туралы әңгімелейді.<br>Дескриптор:<br>1. Жыл мезгілдеріндегі айлар кестесін құрады.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>5минут</td>
<td>3-тапсырма.<br>

Ай – бұл Айдың Жерді айналуымен байланысты уақыт бірлігі. Әр айдағы күндер саны әртүрлі болуы мүмкін.</td>
<td>Күнтізбенің көмегімен әр жыл мезгілінің неше күнге</td>
<td>Дескриптор:</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1минут<br>3минут<br>5минут<br>3минут | **1-топ «Қыс»** Күнтізбені пайдаланып, 31 күннен аяқталатын ай аттарын жаз.<br>**2-топ «Көктем»** Күнтізбені пайдаланып, 30 мен 29 күннен аяқталатын ай аттарын жаз.<br>**3-топ «Жаз»** Әр жыл мезгілі неше айға созылады. Күнтізбені пайдаланып, қыс мезгілінің неше күнге созылатынын жаз.<br>**4-топ «Күз »** Күнтізбені пайдаланып, мереке күндерін ата.<br>Қай айда және қай күні атап өтіледі:<br>• Қазақстанның Тәуелсіздік күні?<br>**16 желтоқсан**<br>• Білім күні? **1 қыркүйек**<br>• Наурыз мерекесі-**22наурыз**<br>**Сергіту сәті**<br>Сағат тіліндей,<br>Иіліп оңға бір.<br>Сағат тіліндей,<br>Иіліп солға бір.<br>Оң аяқ, сол аяқ,<br>Жаттығу оңай –ақ.<br><br>**7 есеп.**<br>34 + 66 =100<br>95 – 27=68<br>(25 + 0) – (100 – 75) =0<br><br>**4-тапсырма.** Әр топқа уақыт өлшем бірліктерін өрнектейтін есептер беріледі.<br>**1-топ «Қыс». .. орнына тиісті санды қой.**<br>12 ай = 1жыл<br>1 тәул. = 24сағ<br>2 апта = 14тәул<br>**2-топ «Көктем». .. орнына тиісті санды қой.**<br>2 жыл =24 ай<br>60 мин =1 сағ<br>26 сағ = 1тәул. 2сағ<br>**3-топ «Жаз». Сәйкестендір.**<br>3 апта 1 сағ 30 мин<br>1 жыл 21 күн<br>90мин 12 ай<br>**4-топ «Күз »**<br>**Салыстыр.**<br>1 тәулік 30 сағ<br>1 ай 1 жыл<br>8 күн 1 апта 2күн<br><br>10- **есеп.** Берілген уақыттар тәуліктің қай бөлігі екенін ата және басқаша жазып көрсет: 15 сағ; 21 сағ; 12 сағ 30 мин; 20 сағ 10 мин; 23 сағ 15 мин. | созылатынын табады.<br>Берілген сұрақтарға жауап береді.<br>Қазақстанға қатысты қандай атаулы күндер (мерекелер) бар екенін атайды және күнтізбеден көрсетеді.<br><br>Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді.<br><br>Оқушылар амалдарды орындайды.<br><br>Уақыт өлшем бірліктерін өрнектейді.<br><br>Берілген уақыттар тәуліктің қай бөлігі екенін атайды және басқаша жазып көрсетеді.<br><br>Сұрақтарға жауап береді. | 1. Кестеге уақыт шамаларын өсуі, кемуі бойынша орналастыра-ды.<br>**Дескриптор:**<br>1. Күнтізбенің көмегімен әр жыл мезгілінің неше айға созылатынын табады.<br>**Дескриптор:**<br>1. Мереке күндерін атайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>Амалдарды орындайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>Уақыт өлшем бірліктерін өрнектейді.<br><br>**Дескриптор:**<br>• 15 сағ. тәуліктің қай бөлігі екенін атайды, жазып көрсетеді;<br>• 21 сағ. тәуліктің қай бөлігі екенін атайды, жазып көрсетеді;<br>• 12 сағ. 30 мин. тәуліктің қай бөлігі екенін атайды, жазып көрсетеді; | |
| 3 минут<br>3 минут | **Жаңа білім мен тәжірибені қолдану.**<br>**Ойын. https: //wordwall. net/ru/resource/29250310**<br>**Үйге тапсырма. 103 бет №9** Отбасы мүшелерінің туған айын, күнін және жасын кесте құрып жаз.<br>**Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда)**<br>**«Табыс ағашы»** кері байланыс. Жасыл, сары, қызыл алма жапсыру арқылы сабақтың қалай меңгергендерін білеміз. | Оқушылар сабақты түсінгендігі бойынша алмаларды табыс ағашына жапсырады. | | **https: //wordwall. net/ru/resource/29250310** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>Оқушылырды топтық және жеке медальмен бағалау. Сыйлыққа күнтізбе беру. | | | |



**ҚОҚЫМБАЕВА САЛТАНАТ ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# БАЛА ТІЛІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

*Бала тілін ойын арқылы дамыту.*
*«Ойын баланың алдыннан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес».*
*В. А. Сухамлинский.*

Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әркетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымынада белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.
Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті. Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттіліке, шапшаңдылықа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын. Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін - өзі көрсетудің құралы. Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу іс - әрекетін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.
Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады. Бала жалғыз ойнағанды ұнатпайды, ол қатар құрбыларымен бірлесіп ойнай отырып бір - бірімен қарым қатынас жасайды.
Оқу ісі - әрекетінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.
Сюжетті рольді ойындар.
Дидактикалық ойындар.
Шығармашылық ойындар

Ойынның түрлері: Педагогикалық ойындар, ұлттық ойындар, қимылды ойындар.

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу іс - әрекеті барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу іс - әрекеті ойын түрінде өткізіледі. Оқу іс - әрекеті барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.
Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.
Ойын түрлерінің тәрбиелік мәні зор, ол әрбір адам денесінің дамып жетілуіне пайдасы мол. Ойын үстінде балалардың бойындағы барлық дерлік психологиялық процестері, сезімдері мен эмоциялары, ерік - жігер қасиеттері шыңдалады, мінез - құлық айқындала түседі.
Бала өзіне жаңалық болып сезілген әрқилы нәрселерге еліктегіш келеді. Бала осы қасиетімен өз қабілетімен ерекшеліктерін аңғартады. Баланың жағымсыз мінезінің байқалатыны да осы тұста. Тәрбиеші ойын барысында тілдің дыбыстық мәдениетінің барлық жақтарын жетілдіруге, сұраққа толық жауап беруге, баланы үйретіп отыруы керек.
Үлкендер өзіне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, мектеп жасындағы балалар сабақ үстінде, ал мектеп жасына дейінгі балалар өз психологиясын ойын үстінде байқатады. Балалар ойын арқылы күрделі әрекеттерді, білімді үйренеді және үлкендер де үйретуге тиісті. Ойынның өз мақсаты, жоспары болады. Ойын мен еңбектің бір - біріне ұқсас сипаттары көп, кейбір педагогтар, ғалымдар «Жақсы ойын - жақсы жұмыс сияқты да, ал жаман ойын - жаман жұмыс сияқты» деген. Баланың қуанышы мен реніші ойын арқылы байқалады
Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшеліктері: бала ойланады, эмоциялық әрекетке ұшырайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды. Мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өздігіндей қуаныш, реніш сезімге бөленеді. Ойын арқылы балалардың сөйлемдерді айту, сөйлем құрай білу, сурет бойынша әңгіме құрап айта білу, сондай - ақ әр баланы сөйлете отырып өз ортамен қарым - қатынасқа түсіп ашылуына себеп болады.
Ойындарда күтілетін нәтижелер:
1. Ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұштастырады, сөздік қорды молайтады, өзін қоршаған ортаны танып, мейрімділік сезімге тәрбиелейді.
2. Еркін мінез – қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі.
Демек, ойын баланы жан - жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы танып түсінуге де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып бір – бірімен жақсы қатынаста болады. Ойын үстінде де бала өз денсаулығын қимыл арқылы нығайтады. Ойынның қандай түрі болмасын атадан балаға яғни ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмір қажеттіліктерінен туады. Психологиялық жақтан денсаулықты нығайтуға негізделген.
Қорыта келе айтқанда:
Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті. Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.
Бір сөзбен айтқанда, ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын - бала үшін біліктіліктің қайнар көзі. Сондықтан жас өрендер ойнай отырып ойлай білсін.



**ТҰЯҚОВА ӘЛИЯ ШЫНТАСҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Физика пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# ЕРКІН ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ТЕРБЕЛІСТЕР

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:** | 9.4.4.1 тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттау |
| **Сабақтың мақсаты:** | **Барлығы үшін:**<br>• Тербелмелі контурдағы еркін электромагниттік тербелістерді сапалық түрде сипаттайды.<br>**ЕББҚ: (нашар еститін) :** Еркін электромагниттік тербелістер туралы біледі. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу және түсіну, қолдану |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы:** | Оқушылармен амандасып, түгелдеп, сабаққа дайындығына көз жеткіземін.<br><br>Оқушыларды геометриялық фигуралар арқылы 3 топқа бөлемін.<br><br>Үй тапсырмасын **«Tarsia »** әдісі арқылы сұрау.<br><br>«Жарияланбаған тақырып» әдісі Bilimland-тен видеоролик көрсету арқылы сабақтың тақырыбын ашамын. | Мұғаліммен амандасады.<br><br>Оқушылар геометриялық фигуралар арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>Тапсырмалар-ды орындап фигура құрастырады.<br><br>Видеоролик арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды. | Мадақтау арқылы бағалау | Геометриялық фигуралар қиындылары<br><br>Үлестірме қағаздар<br><br>https: //bilimland.kz/kk/courses/physics-kk/ehlektrodinamika/ehlektromagnittik-terbelister/lesson/terbelmeli-konturdahy-ehlektromagnittik-terbelister |
| **Сабақтың ортасы:** | І тапсырма. Топтық жұмыс<br>**«Физикалық лото»** әдісі.<br>ЕББҚ үшін<br>***T=2π√l/g*** \| ***ν=1/T*** \| **L**<br>***T=2π√LC*** \| ***ω=2π/T*** \| ***ν=n/t*** | Оқушылар топпен берілген анықтаманы формуламен сәйкестендіреді. | ҚБ<br>Дескриптор:<br>-Теорияны дұрыс анықтайды<br>1б | Кеспе қағаздары,<br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>Математикалық маятниктің тербеліс периоды<br>1</td><td>Томсон формуласы<br>2</td><td>Жиілік<br>3</td></tr>
<tr><td>Серіппелі маятниктің тербеліс периоды<br>4</td><td>Циклдік жиілік<br>5</td><td>Конденса-тор сыйымдылығы<br>6</td></tr>
<tr><td>Период пен жиіліктің арасындағы байланыс<br>7</td><td>Тербеліс периоды<br>8</td><td>9</td></tr>
<tr><td>T=2π√m/k</td><td>T=t/n</td><td></td></tr>
</table>
<br>2 тапсырма. Топтық жұмыс<br>«Іскерлік кездесу» әдісі<br>№1. Сыйымдылығы 400 пФ конденсатордан және индуктивтігі 2мГн катушкадан тұратын контурдың тербеліс периодын табыңдар.<br>№2. Тербемелі контурдың индуктивтілігі 10 мкГн. Бұл контурды 4000 кГц жиілікке шақтап құру үшін сыйымдылығы қандай конденсатор алу қажет?<br>1. №3 Тербелмелі контурға сыйымдылығы 0,6 мкФ конденсатор қосылған. Контурда жиілігі 600 Гц электр тербелістерін алу үшін оған қандай индуктивтілікті қосу керек?<br>2. №4 Тербелмелі контур сыйымдылығы 1000 пФ конденсатордан және индуктивтігі 1 мГн катушкадан тұрады. Контурдағы тербелістер жиілігін есептеңдер.<br><br>3 тапсырма. Жеке жұмыс<br>«Кім жылдам» әдісі.<br>Функционалдық сауаттылық тапсырмасы<br>Марат электромагниттік тербеліс периодын анықтау үшін эксперимент жасауға конденсатор мен катушка құралын алды. Конденсаторларды бір-біріне тізбектей және параллель жалғаған кезде, оның сыйымдылықтарының қатынасы 160 мФ, ал катушканың индуктивтілігі 4 мГн – ге тең болды.<br>Сұрақ №1: Конденсатор мен катушка өзара тұйықталып жалғанған жүйені қалай атаймыз?<br>А) Тербеліс<br>В) Тербелмелі контур<br>С) Қозғалыс<br>Д) Тұйықталған жүйе<br>Сұрақ №2 Электромагниттік тербелістің периодын анықтайтын формуланы жаз?<br>Сұрақ №3: Конденсатор мен катушканы бір-біріне тізбектей жалғағандағы сұлбасын сыз?
</td>
<td>Қолдану. Оқушылар берілген уақытта жұптасып есептер шығарады.<br><br>Мәтінді оқып, сұраққа жауап береді, есеп шығарады.</td>
<td>-Формуланы біледі 1б<br><br>ҚБ<br>Дескриптор:<br>-Есептің шартын дұрыс құрады 1б<br>-Томсон формуласын пайдаланады 1б<br>-Формулаларды түрлендіреді 1б<br>-Есептің шешімін дұрыс табады 1б<br><br>ҚБ<br>Дескриптор:<br>-Сұрақтарға жауап береді1б<br>-Сұлбасын салады 1б<br>-Томсон формуласын пайдаланады. 1б<br>-Дұрыс есептейді 1 б</td>
<td><br>Интербелсенді тақта<br><br>Плакат, кеспе қағаздары</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сұрақ №4: Тербелмелі контурдағы тербеліс периоды нешеге тең болады? | | | |
| **Сабақтың соңы:** | Бекіту тапсырмасы: Жеке жұмыс «Flippity» платформасы арқылы тест орындайды.<br><br>Рефлекция<br>Кері байланыс: «БББ» әдісі<br>Білемін / Білдім / Білгім келеді<br><br>Үй тапсырмасы: $ 32 оқу.27 жаттығу (1,2) | Оқушылар «Flippity» платформасы арқылы жеке жұмыс орындайды.<br><br>Бүгінгі сабақта үйренгендері бойынша кестені толтырады. | ҚБ «Белсенді оқушы» сертификаты арқылы бағалау | https: //www. google. com/url?q=https: //www. flippity. net/cq. php?k%3D1ADXQeh_z4tvled339HahOAa_hXGBPP6TjRtiqGv2pZE&sa=D&source=editors&ust=1667985244851902&usg=AOvVaw15DJTeZVHOWmjCnw8erwI- |



**АБУБАКИРОВА УЗИЛДИК ЖОЛАНОВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
музыка пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# «ҮКІЛІ ДОМБЫРА» ӘН, ТЕРМЕ ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БЕРУ КОНЦЕРТІ

**Мақсаты:**
Педагог пен тәрбиеленушілердің оқу жылындағы атқарылған жұмыстарын қортындылау.
Тәрбиеленушілердің шығармашылық жетістіктерін көрсету.
Ұлан – байтақ еліміздегі дәстүрлі әндер туралы түсінік қалыптастыру.
Балаларды әсемдікті сезінуге, өз халқының музыкалық мұрасынан эстетикалық ләззат ала білуге тәрбиелеу.
**Дамытушылығы:**
Әнді таза, мәнерлі орындай білуін, музыкалық ырғақты сезінуін, есте сақтау мен ести білу қабілетін дамыту.
***Сабақтың типі:*** Аралас сабақ.
**Сабақтың әдісі:** Баяндау, сұрақ – жауап, әуенді орындар.
**Ұйымдастыру:** Оқушылардың сабаққа қатысуын, оқу – құралдарын тексеру.
**Сабақтың барысы:** Қазақтың домбыраға немесе басқа аспапқа қосылып айтатын әншілік дәстүрін қазақтың дәстүрлі ән айту өнері дейміз. Атадан балаға ауысып келе жатқан ән айту өнері ғасырлар бойы қалыптасып, дамып ән айту шеберлігі бойынша жетіліп, классикалық үлгіге дейін жетті.
Дәстүрлі ән өнерінде халықтың салт – дәстүрі-, әдет – ғұрпы, тарихы мен өмірі, тұрмыс тіршілігі, қоғамдық әлеуметтік қатынастары, жалпы ұлттық болмысы көрніс тапқан. Қазақ халқының музыкалық мұрасы өте бай, олар нотаға түсіру сауаты болмағандықтан ғасырлар бойы ел аузында, біреуден біреу үйрену арқылы рухани қазынаға айналып ұмытылмай келеді.
**Сондай әннің бірі халақ әні «Желбір жекен»**
**Орындайтын: «Үкілі домбыра» ансамблы**
Қасиетті соқпағы бар, жолы бар
Дәстүр салтын сезінген жан сағынар.
Тыңдай алсаң, ұға білсең егерде,
Әр әулеттің өзіне тән әні бар.
Айта алсын деп ұрпағына арнаған,
Бұл – кешегі бабалардан қалған ән.
Бесігінен құлағына сіңді де,
Мұрагер боп сосын ұрпақ жалғаған.

**Келесі тыңдайтын әндеріңіз халық әні «Гүлдерайым»**
**Келесі тамашалайтын әндеріңіз халық әні «Қыздар - ай»**
Жақсының төңірегі нұр болады.
Әр сөзі естен кетпес сыр болады.
Түйіндеп түйдек – түйдек сөз айтқанда,
Қиысқан қиқымы жоқ жыр болады.
Жақсы адам көрінеді жыл құсындай,
Әркімге жақын болар туысындай.
Үлкен мен кішілерге ізет жасап,
Үлкенмен сырласады құрбысындай - дей келе
**Келесі тыңдайтын Қарақат Әбілдинаның әні «Жақсы адамдарым**
Бауыр басып кеткеннен бе өлеңге,
Барсам – дағы сапарменен қай елге.
Сөзін, бәлкім түсінбеспін, ол рас –
Ең алдымен құлақ түрем әуенге.
Көп сырды тұлғасына ән жиыпты,
Ән көрсеткен біздерге әр биікті.
Сол әннен естігенбіз талай – талай,
Шаттықты, сағынышты, зар – күйікті.
**Келесі тыңдайтын әндеріңіз «Қазақ осы»**
Күй жатыр көк орманда буырқанған,
Күй жатыр найзағайда бұлтты жарған.
Күй жатыр толқынында теңіздердің.
Күй жатыр шертушісін күтіп алдан.
Күй жатыр табиғаттың жанын жайлап,
Бұлбұлдар біткен емес бәрін сайрап.
Әлемнің шертілмеген сырлы күйі.
Тұрады алабұртып қанымда ойнап.
**Келесі таңдайтындарыңыз халық күйі «Келіншек» және «Кеңес»**
Домбыра, сенде мін барма?
Мінсіз болсаң – тіл барма?
Тіл жоқ деуге болама
Тілден анық үн барда?
Домбырам, досым менің күй аңсаған,
Өзімді, өмірімді қиям саған.
Шағымда шабыттанған, қиялданған,
Шапағың бар шаттығын құяр маған.
**Келесі ән халық әні «Хәләулім ай»**
Мүмкін бе екен домбыраны тыңдамау,
Мүмкін бе екен домбыраны жырламау? !
О, құдірет! Бір халықтың ғұмыры

Құйтақандай осы ағашқа сыйған – ау. ..

**Қорытынды:** Кешімізді қортындылай келе сөз кезегін мектебіміздің директоры Наменова Минара Серікқалиқызына береміз.

Марапаттау: Осымен бүгінгі «Үкілі домбыра» ансамблінің есеп беру кеші де өз мәресіне жетті. Ұлттық құндылығымызды жоғалтпай, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа жалғап, өскелең жастардың санасына сыналай енгізуге тәрбиелеу.

Мүмкін бе екен домбыраны тыңдамау,
Мүмкін бе екен домбыраны жырламау? !
О, құдірет! Бір халықтың ғұмыры
Кіп – кішкентай осы ағашқа сыйған – ау дей келе кешімізді аяқтаймыз. Уақыт бөліп, зейін қойып тыңдағандарыңызға МЫҢ АЛҒЫС!



**КАДИРОВА ТАРБИЯ НАЗАРГАЛИЕВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА

**Түсінік хат**

Ата-бабаларымыз өмірдегі бар асылын ұрпағына арнаған, оның келешегін әріден ойлап, нәрестенің дүниеге келген сәтінен-ақ тәрбие беру ісін жүйелі түрде жүргізіп отырған. Осы жүйеге байланысты әртүрлі салт-жоралғылар (шілдехана, бөбек тойы, тұсау кесу, тілашар рәсімдері, т. б. ) жасалып отырған. Жас ұрпақ тәрбиесі тек қана бір жанұяның міндеті ғана емес: барша ауылға ортақ, тіптен ұлттық деңгейде жүргізіліп келді.

Қазіргі жас ата-аналардың көпшілігінің өкінішке орай халқымыздың салт-дәстүрлері түгілі, өз ана тілін жетік білмейтіні үйреншікті жайтқа айналды. Сол себепті менің қойған мақсатым балабақшадағы ертеңгіліктер, қызықты ойын-сауықтар, сабақтар, ойындар арқылы балаға сәби кезінен бастап ұлттық салт-дәстүрлерімізді бойына сіңіру.

Өскелең жас ұрпаққа ата-баба мұрасын сыпайылық, инабаттылық, мейірімділік, қонақжайлылық, кішіпейілдік әдеттерін жаттығулар арқылы бойларына сіңіру.

Ата-баба дәстүріне, оның ерекшелігіне, бай мәдени мұрасына қамқорлықпен карауға, оны әрі қарай жалғастыруға, көздің қарашығындай сақтауға, ұлттық мұраны мақтаныш тұту сезімдеріне тәрбиелеу, оның алғашқы негіздерін балалар саналарына ұялату.

Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектерін жазып шығу үлкен еңбек. Оның бәрін қамти алмасам да, сол жұмыстың бір тамшысы ретінде ұлттық тәрбие ісіндегі сәбилік кезден ес біліп, ер жеткенге дейінгі салт-дәстүрді, әдет-ғұрып үлгілерімен өнегелері баланың өсу жолымен беріліп отыруына өз үлесімді қоссам деймін.

**Міндеттері:**

1. Халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпы адамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту.
2. Салт-дәстүрлерді бір-бірінен ажыратып, аттарын жатқа айту.
3. Ата-бабаларының мұрасын жоғалтпауға, мақтанышпен айтуға тәрбиелеу.
4. Ата-баба мұрасын насихаттау арқылы сыпайылық, инабаттылық, мейірімділік, қонақжайлық, кішіпейілдік тәрізді асыл қасиеттерді ойын жаттығулары арқылы меңгерту.

**Күтетін нәтижелер:**
**Білу керек:** Өз халқының «салт-дәстүрлерін», «ұлттық ойындарын», «қолөнер бұйымдарын» білу керек.
**Меңгеру керек:** Ата-баба дәстүріне, оның ерекшелігіне, бай мәдени мұрасына қамқорлықпен карауды меңгерту.

1-тарау
**«Халық ауыз әдебиеті»**

**Мақсаты:** мектепке дейінгі балаларға халық ауыз әдебиет шығармаларының мазмұнын меңгеру. Өнердің бір саласы ретінде балалардың қызығушылықтарын қалыптастыру, сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

**Міндеті:**
- балаларды халық ауыз ауыз әдебиеті жанрымен таныстыру.
- баланың шығарма мазмұнын меңгеріп, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету.
- көркем сөздерді дамытудың негізгі тәсілдерін үйрету.

**Мазмұны:**
Балаға жеткілікті деңгейде шығарманың ерекшелігі туралы түсінік беру. Халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын ояту.

Шығармалардың жанрларын анықтай білуге (жұмбақ, жаңылтпаш, мақал мәтел) , тілдің көркемті бейнелігінің үлгілерін байқауға үйрету.
Бірігіп тыңдау дағдыларын, сұрақтарға ұйымдасқан түрде жауап беруге тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбиенің басты құралы ауыз әдебиеті және дала даналарының тәлімдік өнегелері қазақ этнопедагогикасы методологиясының (әдіснамасының) тірек-негізі болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық әдебиеті (жырлар, ертегілер, шешендік сөздер т. б. ) әлемдегі ең бай әдебиет. Ол жастарды ерлікке, бірлікке, еңбекке, адалдыққа, адамгершілікке, көркемдікке тәрбиелейді.

Қазақ халқының ұлттық болмысы ерекшеленіп, тәлім-тәрбиелік негіздері қалыптасқандығын айқындайтын оның ауыз әдебиеті, жазу мәдениеті ғылыми-теориялық тұжырымдар жасауға негіз бола алады.

Бала тәрбиесін заттың атын атап, сан үйретуден бастаған қазақтың ұлттық тәліміндегі ерекшеліктер, сол ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи және табиғи жағдайларына байланысты.

Ауыз әдебиетін салт-дәстүрлермен арқауластырып, халық ана тілін ұлттық ойдың көрінісі ретінде айқындап көрсете білді. Балаға сан үйрету үшін ең әуелі заттың не екенін, қандай екенін ұғындырады да, халық соның санын үйретеді ("Бір дегенім - білеу, екі дегенім - егеу, үш дегенім - үстік" т. б. ). Сан үйретуді, тіл ширатуды, мақал-мәтел үйретуді, тақпақ жаттауды игі әдетке, одан әдепке, әдептен дәстүрге айналдырып, қазақ халқы "тілашар" дәстүрін қалыптастырды. Қалыптасқан тілашар дәстүрі бойынша халық баланың 5 жасқа дейінгі тәлім-тәрбиесін осы тілашар дәстүрімен байланыстырады.

Тілашар дәстүрі баланың шілдехана тойы, бесікке салу, тұсау кесер рәсімдерінен басталып, бөбектің тілі шыға бастағанда оған сан үйрету, жаңылтпаштар айтқызу, үш жастан бастап тақпақ айтқызу, ән үйрету, дарынын дамыту рәсімдері орындалады.

Табиғатынан өнерпаз, шешен, меймандос мейірлі халық тәрбие мен дүниетаным үшін санамақтарды, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды, мазақтамаларды, мақал-мәтелдерді, жырларды, термелерді, шешендік сөздерді, ертегілерді, аңыз әңгімелерді шығарып, оны тәрбиеге салт-дәстүрлермен байланыстырып пайдаланды.

Батырлық жырлар ерлікке, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелесе, **ғашықтық жырлар** мөлдір махаббаттың беріктігіне, әділдікке, ерлікке баулыды, тұрмыс-салт жырлары ұрпақтың дүниетанымын арттырды, еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеп, кәсіпке баулыды; терме жырлар кісілікке, бірлікке, достыққа тәрбиеледі, айтыс өлеңдер ұрпақтың өнерпаздығын дамытты, ойын өлеңдер дене тәрбиесін берумен қатар, ұрпақты әсемдікке баулыды, олардың қиялын дамытты; терме жырлар адамгершілікке, бірлікке, адалдыққа тәрбиеледі, шешендік сөздер жеке тұлғалардың ойын, тілін дамытып, тапқырлыққа, әділеттілікке тәрбиеледі, өнегелі сөздер мен тақпақтар жеке тұлғалардың кісілігін қалыптастырды.

Ауыз әдебиеті - тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өңдеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері - мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол - ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра.
**Бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелер бәрі де тілді,** ойды дамытып, тәлім-тәрбие беріп, дүние танытатын этнопедагогикалық ғаламат туындылар. Бұл - халық педагогикасының үлкен бір саласы.

Қазақ халқы шешен халық. Әрбір шешендік сөз тыңдаушыны тәрбиелейді, оған ана тілінің ақықтарын, асылдандыра үйретеді. Ал ақындық (көбінесе жатқа айтушылық) өнері тәрбиеленушінің ойын, тілін дамытумен бірге, оның қазақи қасиеттерін қалыптастырады. Тіл ұрпаққа шешендікті де, тіл өнерінің барлық жанрларын үйретеді.

2-тарау
**«Салт-дәстүрлер»**

**Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы мағлұмат бере отырып, алған білімдерін тереңдету. Салт-дәстүрлерді, әдеп-ғұрыптарды жоғалтып алмауға, мақтанышпен айтуға тәрбиелеу.

**Міндеті:**
- балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру;
- салт-дәстүрлерді ажыратып, оларды дұрыс түсінуін қамтамасыз ету;
- көркем сөздерді қолдана білудің негізгі тәсілдерін үйрету;

**Мазмұны:**
Салт-дәстүрлер туралы түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімін ояту. Ата-бабадан қалған асыл мұраларды сақтауға тәрбиелеу.

«**Бесіксіз үйде береке жоқ**»

Ұрпақ тәрбиесі- келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс. Дені сау, сезімі сергек, ақыл-ойы жетілген азамат өсіру ісі халқымыздың ғасырлар бойғы арманы болып келеді. Осы арман дене, ақыл-ой, адамгершілік, кесіптік және эстетикалық тәрбиенің түрлері арқылы ұрпақтан-ұрпаққа заманалар бойы халақтың салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрытарда марапатталып, сіңіріліп, іске асырлып отырды.

Бала-өмірдің жалғасы, отбасының жеміс бере гүлі, ерлі-зайыптылардың тіреу-діңгегі. Бала дүниеге келгеннен бастап, оның дұрыс өсіп-жетілуіне үлкен мән берген. Көшпелі өмірге өте қолайлы қазақ баласын бесікке салып асыраған. Бесіктің бала тәрбиесіне ыңғайлылылығы: біріншіден, көшіп- қонғанда түйеге артып жүруге қолайлы; екіншіден, баланы емізуге өте ығайлы, тіпті анасы емізе отырып, мызғып та алады; үшіншіден, бесікте баланың денесі құрғақ, таза болады, ұйқытауына қолайлы.




Ана баласын бесікке бөлегенде «бесік жыры» арқылы өзінің сүйіспеншілігін.

Мойындағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым,
Тағдыр берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп.

Мойындағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным
Бесігіне жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой

- деп білдіре келеді де,

Балам жатсын бесікте
Пәлесі қалсын есікте- деп пәле-жаланы өлеңмен аластамақ болады

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» М. Әуезов




Баланы бесіктен шешіп аларда өлең-жырмен әндетіп отырып:

Анасы шешіп алсын,
Ұйқысы бесікте қалсын.

Балам бесіктен шықсын,
Пәлесі есіктен шықсын,

- деп өлең-жырмен әлдилеп, жауыздық атаулыдан сәбин аман сақтау ой-арманын білдіреді.

**Тұсаукесер (салт)**

Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Сол жіппен баланың аяғын кәдімгідей тұсап оны аяғын жылдам басатын әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата - анасы тұсау кесушінің кәдесін береді. Тұсаукесердің арнаулы жыры бар.

Қаз- қаз балам, қаз балам,
Қадам, бассаң мәз болам.
Тағы, тағы баса ғой,
Тақымыңдыжаз балам.
Қазбасағойдарағым,
Құтты болсын қадамың!
Тұсау кесердің жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары, сенімдері де бар. Көбейіп, көгере берсін деп көк шөптен есіп жасайды. Бай болсын деп малдың тоқ ішегінен де өреді. Адал болсын деп ала жіптен де жасайды.

**Ашамайға мінгізу (салт) .**

Баланың сана-сезімін жетілдіру үшін жасалатын тәрбиелік салттың бірі - осы ашамайға мінгізу салтанаты болып табылады. Жас бала есі кіріп 6-7 жасқа келген соң оған жеке тай атап, ашамай істетіп қамшы өріп «сен азамат болдың» деген сенімін ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп мінгізіп, жүргізеді. Бұл баланың көңілін өсіреді, басқа балалар алдында мерейі көтеріліп, мақтаныш сезімде болады, тез есейеді. Оны еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеудің ұлттық әдістемелік жолдың бірі - осы ашамайға мінгізу арқылы көрінеді. Осы қуанышты сәтте баланың атасы:

Ал ақ тілек, ақ тілек,
Атқа тоқым сал білек,
Атқа да жақсы шаба біл,
Жасыңнан малды баға біл,
Өнеге, өнер таба біл,
Аймағыңа жаға біл,
Атқа міндің, ақ жол болсын -деп бата береді.

**Бесікке салу (салт)**
Әлди-әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем.

Бесік қасиетті, киелі құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептелері. «Ел іші-алтын бесік» деген сөз бесіктің құндылығын көрсетеді. Жаңа туған баланы бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен немесе тәрбиелі, өнегелі әжелерге. әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті отпен аластап «Тыштырма» жасап алып, баланы бесікке бөлейді. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі, таза заттар қояды. Бесікке салған адамға «Бесікке салар» кәделі сый береді. Осындай қуаныш үстінде «Бесік жыры» айтылады.

**Тыштырма (дәстүр)**

Сәбиді бесікке салар кезде бесіктің түбегі тұратын тесіктен құрт, ірімшік, тәттілер өткізіп «тышты-тышты» деп ырым жасайды және оны «Тыштырма» деп атайды. «Тыштырманы» әйелдер бөліп алып, бала-шағасына үлестіріп береді.

**Бесік жыры (салт) .**
Әлди- әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Арша ма екен бесігі?
Алар ма екен әкесі?
Өрік пе екен бесігі?
Сүйе ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі?
Әлди-әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым. ..

**Шілдехана (салт) .**

Кей жерлерде «шілделік» деп те атайды. Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын - сауық, той. Мұнда «балаңыздың бауы берік болсын» дегендей құтты болсын айтылады, жастар жиналып ән салып, домбыра тартып, өлең, жыр айтады. «Шілдеханаға» шақырумен де, шақырусыз да бара береді. Шілдехана - өмірге адам келгенінің және оған қуанудың бір белгісі. Ақ тілекті аналар шашу шашады. Басқа балалар тайға мініп жарысады. Аяғы шағын тойға ұласады.

**Тілашар (дәстүр)**

Тілашар тойына шашу шашылады. Әр отбасы баласы 7 жасқа толғанда медіресеге, мектепке оқуға береді. Бұл да бала өміріндегі елеулі оқиға, есте қаларлық елеулі кезең болып табылады. Осы күні балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той өткізіледі. Мұны дәстүрлі «Тілашар» тойы дейді.

3-тарау

**«Халқымыздың қолөнері-асыл қазынамыз»**

**Мақсаты:** мектепке дейінгі балаларды қазақ халқының өнерін, іскерлігін, өнер шеберлерінің колынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдарды айтып таныстыру арқылы халықтық өнердің әр кезеңдегі ерекшеліктерін таныту; Ата-бабамыздың еңбектерін құрметпен карауға тәрбиелеу.

**Міндеті:**
- Балаларға ұлттық қолөнерлерді таныстырып, олардың эстетикалық талғамдарын ұштап, қазақ халқының бұрынғысы мен бүгінгісін салыстыра, ұлттық өнерін сүюге, өнер иелерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Мазмұны:**
Қазақ халқының қолөнерлері «Ою-өрнектер», «Зергелік бұйымдар», «Ұлттық киімдер», «Қазақтың баспанасы - киіз үй» түрлерімен таныстыру, бір- бірлерінен ажырата білуге үйрету. Оларды қай жерде, қалай қолданылатын түсіндіру арқылы қолдану іскерлігін арттыру.




**Білезік**- сом білезік, жұмыр білезік, карта білезік, қақпақ білезік, бес білезік, сағат білезік.

**Сырға**- ай сырға, тас көзді сырға, күмбез сырға, қозалы сырға, салпыншақ сырға, шұжық сырға, сабақты сырға, шашақты сырға.

**Белдіктер**- кемер белдік, кісе белдік.
**Қапсырма**- киімнің екі өңірін бір-біріне қосып тұру үшін тағатын әшекейдің бірі.

**Сақина** - отау жүзік, жималы жүзік, тасбақа жүзік, құс мұрын жүзік, құдағи жүзік.

**Шолпы**- шаш теңге, шолпы, шашбау.




Қазақ халқының қолөнерінде кеңінен қолданылатын ою – өрнектер бейнелік сипаттарына сай төмендегідей болып жіктеледі

1. **Зооморфтық (жануарлар тектес) ою-өрнектер** – қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, қарлығаш, түйетабан, тышқаніз т. б.
2. **Өсімдік тектес ою-өрнектер** – Гүл, жапырақ, күлте, т. б.
3. **Космологиялық ою-өрнектер** (табиғи құбылыстар) – ай, күн, толқын т. б.
4. **Геометриялық ою-өрнектер** – әртүрлі геометриялық пішіндер (төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек т. б. ) арқылы декоративтік композициялар құрастыру (құрақ құрау)

«**Тарақ**» Ою кілемшенің әр жерлеріне салады.

«**Тұмарша**» Ою кілемшенің жиегіне түседі. Сондықтан мұны «шет ою» дейді.

«**Тышқаніз**» Ою көбінесе басқұрларда кездеседі. «Тышқан із» оюымен аяққапты да әшекейлейді.

«**Ботакөз**» Ою сәндік, әдемілік үшін кілемшенің әр жерінде пайдаланылады.

«**Балдақ**» Ою шет оюға жатады. Кілемшенің шетін көмкерген.

«**Қошқармүйіз**» Ең көп пайдаланылатын ою түрі. Бұл оюды текемет пен сырмақтың ортасына да, шетіне де жиі қолданылады.

«**Түйетабан**» Ағаштан және теріден жасалған бұйымдарда көп пайдаланған. Оюмен кебеже мен торсықты әшекейленген.

«**Ирексу**» Өте нәзік оюлардың бірі. «Ирек су» бір оюмен екінші оюдын арасын бөліп тұрады. Сондықтан бұл ою басқұр мен алашаларда кездеседі.

«**Итқұйрық**» Шет ою немесе оюлардың арасын бөліп тұру үшін пайдаланған. «Ит құйрық» басқұр мен кілемде кездеседі.

«**Қарғатұяқ**» Ою басқұр да немесе теңде кездеседі.




4-тарау. **«Ұлттық ойындар»**
**Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойындар туралы түсініктерді қалыптастыру. Ұлттық ойындарға деген қызығупшлықтарын арттыру, оларды дұрыс орындай білуге үйрету.

**Міндеті:**
- ұлттық ойындарды ажырату;
- бірлескен ойын әрекетінде жақсы әдеттер мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, білуге құмарлық пен танымдық қабілеттілікті дамыту, қимылдарды жетілдіру;
- бірлескен ойында өзін-өзі ұстау ережелері мен нормаларын орындауға үйрету;
- ұлттық ойындарды ойнай отырып, достыққа тәрбиелеу.

**Мазмұны:**
Ұлттық ойындар туралы түсінік беру, олардың басқа ойындардан ерекшеліктерін түсіндіру. Ұлттық ойындарды ажыратуды үйрету. Балалардың қалыптасқан қимыл дағдыларын жетілдіру және қимылдарды орындаудың тиімді жолдарын таңдау.
Достық сезімге, шыдамдылыққа және ұйымдастырушылық дағдыларға, ойын ережесін орындауға, әділ болуға тәрбиелеу.

**Арқан тартыс**
Бірі артық, бірі кем
Болмайтындай көрініп.
Ойыншылар теп-тең
Тұрады екі бөлініп.

Ортаға сызық сызылып,
Ұзын арқан тасталды.
Екі жақ ұстап тізіліп,
Арқан тарту басталды.

**Көкпар**
Ұлттық ойын «Көкпарды»,
Кел, балалар, ойнайық.
Күш сынасып бәріміз,
Қызығына тоймайық.

Қазанға салып «серкені»,

Жеңістерге жетейік.
Ұлтымның «Көкпар» ойынын.
Баршаға үлгі етейік.

**Орамал тастау**

Байқа, бала,
Тек артыңа қарама.
Орамалды тастағанын шамала.
Іліп алып орамалды жердегі,
Басшы бала қашып барады,
Ұтылдың ба, өнерді сал
Содан кейін ойыныңды

**Аударыспақ**

Ұлттық ойын қазақтың,
Аударыспақ ойнайық.
Мықты болсын тақымың,
Тәртіп бұзып алмайық.

1 2 3, аянба сал күш.
Байқа, бала,
Шығып кетпе шеңберден.
Жігітсің ғой,
Ұлт ойынын меңгерген.

**Тақия тастамақ**

Ойым бар бір ойын бастамақ,
Аты оның «Тақия тастамақ».
Шеңбер боп отыра қалыңдар,
Ым қағып жүрмесін қас -қабақ.
Ақырын, аспаймын, саспаймын,
Шеңберді айнала бастаймын.
Біріңнің тұсына келгенде,
Сездірмей тақия тастаймын.

**Етек-етек**

Ал, ұстаңдар етектен,
Айрылмаңдар жетектен.
Біз балапан боламыз,
Алдымызда анамыз,
тосайық.

**Алтыбақан**

Алтыбақан тебеміз,
Жеткенше көкке төбеміз.
Көтеріліп биікке,
Алыстарды көреміз.
Көкке жетіп төбеміз,
Алтыбақан тебеміз.
Бірімізге-біріміз,
Түсіп орын береміз.

**Сақина тастау**

Дөңгеленіп отырайық бәріміз,
Қатар-қатар жарасады сәніміз.
Алақанды бір-біріне косайық
Сакинаны кімге салар,
Кімге түсті сақина,
Жіберіп қойма байқа да.

**Ойын дегеніміз - адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.**

**Демалыс ойындар—«Тоғызқұмалақ» «Алшы», «Хан талапай», «Омпы», «Бестас», «Айгөлек», «Сақина тастау», , т. б.**
**Ат үстіндегі ойындар- «Көкпар», «Ат жарыс», «Қыз қуу», «Бәйге», «Аударыспақ», «Жамбы ату» т. б.**

**Ашық алаңқайдағы ойындар- «Алтыбақан» «Ақсерек-Көксерек», «Етек-етек», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал» т. б.**

**Қарсыласу мен күресу ойындар- «Күш сынасу», «Қазақша күрес», «Арқан тартыс» т. б.**




**Қолданылған әдебиеттер**

1. «Мектепке дейінгі білім» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал 2007жыл №2
2. «Мектеп алды даярлық» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал 2006жыл №4
3. Раймбергенов А. И, Раймбергенова С. Ш, Байбусынова У. М. Музыка Алматы «Атмұра» 2006жыл
4. О. Асқар «Ұлттық ойындар» Алматы «Балауса»2005жыл
5. «Өзін-өзі тану» «Бөбек» Алматы 2010жыл
6. «Сен білесің бе? » кітаптар топтамасы «Аруна» 2001жыл
7. «Салт-дәстүр» «Алматы» 1997жыл
8. Ә. Табылды «Қ АЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ» Алматы «Білім» 2004



**КЕМАЛОВА ОРНАЙ ТЛЕУҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Бастауыш сынып мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# СЫН ЕСІМ

| | | |
|---|---|---|
| **Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты** | 2.3.1.1 мұғалімнің көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу | |
| **Сабақтың мақсаты** | -Берілген сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастырып жазады.<br>-қатені тауып, түзетеді. | Білу, түсіну<br>Қолдану<br>Жинақтау |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңдері / уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ тың басы<br>5 мин | Ұйымдастыру кезеңі.<br>«Маған ұнайтын түстер»әдісі<br>Балалармен сәлемдеседі.<br>Қызанақтың лимонның, киярдың және су тамшысының суреттерін таратады. Олардың түсі қандай екенін сұрайды. Көгөністерді сипаттайды. Балалар қолындағы заттың түсіне қарай топтарға жайғасады. Әр топқа қорапша береді. Осы сабақта қорапшасын сыйлыққа толтыратынын айтады. | Мұғаліммен амандасады. Суреттегі заттың түсіне қарай топтарына жайғасады.<br>1 топ: «Қызыл қорапша» тобы<br>2 топ: «Жасыл қорапша» тобы<br>3 топ: «Сары қорапша» тобы<br>4 топ: «Көк қорапша» тобы болып жайғасады. | Жарайсың!<br><br>Керемет!<br><br>Тамаша!<br><br>Осы сабақта қорапшаға сыйлықтар жинайды. | Суреттер<br>Қорапшалар<br>Слайд<br><br><br><br> |
| | Үй тапсырмасын сұрау.<br>«Алтын жүзік» әдісі<br>Әрбір оқушыға дөңгелек сақиналар таратады. Сақиналарда өткен сабаққа байланысты сұрақтар бар екенін айтады.<br>*Сын есім деген не?<br>* Сын есімнің сұрақтарын айт.<br>*Сын есімге мысал келтір.<br>ЕБҚ: бірнеше сөздер жазылған сақина береді. Оған сол сөздердің ішінен сын есімдерді тауып, астын сызуына көмектеседі. | Сақинадағы сұрақтарды оқып, жауап береді. Қорапшасына салып алады.<br>*Заттың түрін, сапасын, сынын білдіретін сөз табын сын есім дейді.<br>*Сын есімге қандай? , қай? деген сұрақтар қойылады.<br>ЕБҚ: бірнеше сөздердің арасынан сын есімдерді тауып, астын сызады. | Дескриптор<br>-Өткен сабақтар бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>ҚБ: сыйлық | Сын есімге байланысты сұрақтар, ереже, қағаз сақиналар<br> |
| Сабақ тың ортасы<br>25-30 мин | 1 тапсырма. Тыңдалым мен айтылым. ЖЖ<br>Ойлау дағдысы: білу, түсіну<br>Әдіс: «Жарық» | Балалар өлеңді тыңдап, ішінен сын есімдерді табады. Одан соң жұптасып, мұғалім ұсынған өлеңді жарық | Дескриптор<br>-өлеңді оқиды. | <br>51-жаттығу. Өлеңді көшіріп жаз.<br>Асау өзен арқырап,<br>Асқар таудан дүркіреп.<br>Айдын жатыр жарқырап,<br>Алды дала бір түлеп.<br>*Қасым Аманжолов* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мұғалім 51 жаттығуда берілген өлеңді оқып береді. Сын есімдерді тауып, оларға сұрақ қоюды тапсырады. Одан соң күннің суретіне жазылған өлеңдер таратады. | арқылы оқиды. Өлеңнің ішінен сын есімдерді тауып, айтады. сын есімдерге сұрақ қояды. | -сын есімдерді табады.<br>-оларға сұрақ қояды.<br>ҚБ: сыйлық | <br> |
| | 2 тапсырма. Оқылым. ТЖ<br>Ойлау дағдысы: қолдану<br>Әдіс: «60-60-60»<br>Топтарға әртүрлі жаңылтпаштар таратады. Оларды 60 с ішінде жаңылмай оқып, 60 с ішінде қатесін тауып, түзетіп, 60 с ішінде дәптерге жазуды тапсырады. Одан соң асықпай сын есімдерді тауып, астын сыздартады. | Балалар 60 с ішінде жаңылтпашты жаңылмай оқиды. 60 с ішінде қатесін тауып, түзетеді. 60 с ішінде дәптеріне жазады. Содан соң сын есімдерді тауып, астын сызады. | Дескриптор<br>-жаңылтпашты оқиды.<br>-қатесін түзеп жазады.<br>-сын есміді тауып, астын сызады.<br>ҚБ: сыйлық | Секундомер<br><br><br> |
| | Сергіту сәтін жасатады.<br>«Кейіпкерді анықта» ойынын ойнатады. Ойын бастаушы шекесіне сурет іледі де «Мен кіммін? »-деп сұрайды. Балалардың сипаттауы бойынша өзінің кім екенін табады. | Балалар мұғаліммен бірге «Кейіпкерді анықта» ойынын ойнайды. Суреттегі затты немесе кейіпкерді сипаттайды.<br>Рөлдерін ауысып отырады. | Мадақтау сөздері |  |
| | 3 тапсырма. Жазылым. ӨЖ<br>Ойлау дағдысы: бағалау<br>«Галереяға саяхат» әдісі<br>Мұғалім сынып қабырғаларына әртүрлі жнмістер мен көгөністердің суреттерін жапсырып қояды. Сол суреттердің біреуін таңдап алып, сипаттау мәтінін жазуды тапсырады. | Балалар сынып қабырғаларын аралап, өзіне ұнаған бір суретті алып, сипаттау мәтінін құрап жазады. Мәтінін оқп береді. Сын есімдерді тауып, астын сызад. | Дескриптор<br>-сурет бойынша сипаттау мәтінін жазады.<br>-сын есімдерді табады.<br>ҚБ: сыйлық | <br>Оқулық<br>Дәптер |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **Кері байланыс «wordwall» ойыны**<br>Сілтеме жібереді. Сын есімдерді табуға арналған ойын арқылы сабақты қорытындылайды.<br><br>**Рефлексия**<br>«Көңіл-күйімнің таспасы» әдісі арқылы балалардың сабақтан алған әсерлерімен танысады. Ортаға таспалар тастайды. Сол таспаның бірін алып, өз тобының қорабын байлатады.<br><br>Үйге: 53 жаттығу | Сілтеме арқылы ойын ойнайды. Сын есімдерді табады.<br><br>Сабақтағы өз іс-әрекетіне өзі баға береді.<br>Көңіл-күйін білдіреді. Таспалардың бірін алып, қорапты байлайды. | Дескриптор<br>-сын есімдерді табады.<br>ҚБ: сыйлық<br><br>10 сыйлық-қызыл таспа;<br>9-7 сыйлық – жасыл таспа;<br>6 дан аз сыйлық – сары таспа алады. | Ойын сілтемесі<br>https://wordwall.net/ru/resource/15391925<br><br>Қорапшалар<br><br><br> |



**ТУРУМОВА АЙСАУЛЕ НУРУЛЛАЕВНА,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# КІТАППЕН БІРГЕ ЕР ЖЕТЕМІЗ

1. Мақсаты; кітаптың сарқылмас рухани қазына екенін, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.
2. Кітаптың балаларға келіп шығу тарихын айту, адам өміріне ең маңызды, ой – өрісін, есте сақтау қабілетін арттыру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

Қайырлы күн құрметті оқушылар, ұстаздар!
Бүгін « Кітаппен бірге ер жетеміз» атты әдеби кешемізге қош келіпсіз.
«Мектеп кеме, білім теңіз» десек сендерді осы білімнің жаңа белесіне жетелейтін де мектеп. Егеменді елімізді әлемге таныту, болашақта еркін өмір сүріп, ойлаған армандарыңыздың орындалуына тек ерінбей білім алғанда ғана орындалары сөзсіз. Білім алудың басты құралы – кітап.
Кітап адамның жүрегін, санасын, ақылын, байытады, дүниетанылымын кеңейтеді. Ұлы Абай; «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деген болатын. Абай атамыздың сөзіне отырып, кітаптың келіп шығу тарихын білмей тұрып біз кітапты білеміз деп айта алмаймыз.
Сондықтан, балалар кітаптың келіп шығу тарихына назар аударсақ.
Сендер бүгінгі кітаптардың түп атасы, алғашқы кітаптың қашан? қайда?
жасалғанын білгіңіз келеме?

- Алғашқы кітап осыдан әлденеше мыңдаған жылдар бұрын Вавилондықтар, Ассириялықтар тағы басқа көне халықтар жасапты.

Жұмсақ балшықтан қыш жасап, бетіне үшкір таяқпентаңбалар түсірген. Қыш кептіріліп содан соң отқа күйдірген. Дәл күйген кірпіш сияқты. Ал қытайда бамбуктан таяқшалар әзірленіп соған жазған.
Келе –келе жазуға жібек маталарды пайдаланған.
Одан кейін папирус, қамыс сияқты өсімдіктің жапырағын нығыздап, желімдеп жазған, сонымен қатар Пергам патшалығы кітап жазуға арналған материал дүниеге келді. Ол пергемент деп аталды. Жануарлар терісінен әзірлеп жазған.
Сөйте – сөйте XIII ғасырда Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз пайда болған. Осылай кітап қазіргі күйіне жету үшін қаншама заманды, ғасырларды артқа тастаған.

- Кітап – арабтың «жазу» деген сөзі.

Кітап рухани қазына, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу- тәрбие құралы. Алғашқы кітап жазу құпиясын дінбасылар мен манахтар ғана білген.
Сондықтан дүние жүзінде тұңғыш кітаптар Еврей еліндегі «Таурат», Қытай тілінде «Конфуция», парсы тілінде «Авеста », грек тілінде «Інжу» араб тіліндегі «Құран» кітаптары басылымдарынан келіп шыққан.

Алқашқы кітап басылымы ағаштан жасалған. Колиграфия қалыбы 9ғасырда пайда болған.
Еуропада тұңғыш рет 15ғ неміс өнер тапқышы И Гутеньерг баспа станогын жасады.
1564 ж Мәскеуде Иван Федеров пен Петр Мстисловец сол баспаханада кітап басып шығарған.
Қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты.
1800 жылы тұңғыш кітаптар шығарыла бастады.

- « Кітап аяулы досым бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интилигент бола бастадым деуге болады» деген екен М. Әуезов

Ал кітап ел мен жерді сүюге, талапты, кішіпейіл болу. баулиды

« Кітап мидың миуасы » деп М Әлімбеков айтып кеткендей ендігі кезекті балалардың кітап туралы тақпақтарына береміз.

1. Кітап!
Сен адамның жақын досы
Келмейді сені оқымай көңіл қошы,
Ел мұңы, өмір сыры, ақын жыры,
Басылған таңба болып өзіңде осы.

2. Кітап!
Сөйлесіп өзің мен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады.
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.

3. Кітап!
Ақылдың сөнбейтұғын шам - шырағы,
Білімнің сарқылмайтын бал – бұлағы.
Ашқандай өткен күнмен беттеріңді,
Келер күн көз алдыма кеп тұрады.

4. Саған білім жемісі,
Оқулығын береді.
Талай адам сол үшін,
Маңдай терін төгеді.

5. Орманшының аялы,
Алақанда өсірген.
Сонау ағаш саялы,
Қағаз үшін кесілген.

6. Оқулықты құрметте,
Күтіп ұста кірлетпе.
Кішілерге табыс ет,
Дақ түсірмей бір бетке.

Заман талабына сай жаңа ақпараттық техналогиямен жұмыс жасауға бет бұрдық. Ал жастарымыз кітап пен жаңа техналогияны айыр бастап жіберген жоқпа?
Оны қазір кітап пен компьютердің айтысына берейік

Кітап; Жүруші ем кітап пен көп араласып,
Сенің мына зорлығың барады асып.
Адамдарды азғырып сен компьютер
Қайдан шықтың менімен жағаласып.

Комп; Сен кітап өз – өзіңе сенген едің
Еншім бар алатұғын сенде менің.
Кітапты оқытпауға адамдарға
Әдейі батыс деген елден келдім.

Кітап; Бұл сөзге қайран қылып отырғаным,
Бола қоймас бұл менің ақырғы әнім.
Азғырсаңда қаншама мені тастап,
Кете қоймас сүйікті оқырманым.

Комп; Өткенді кітап енді дауласпағын,
Қалайша мен бітіспес дауға қалдым.
Өрмелеп тұр бұл күнде тасым өрге,
Қазір – ақ бар әлемді жаулап алдым.

Кітап; Талайды сусындаттым біліміммен,
Көп ғалым сабақ алды ілімменен.
Алла тағала түсірген көктен өзін,
Түсінсең сол кітаптың бірімін мен.

Комп; мына сөзден кейін мен пайымдадым,
Болмайма дер қорқамын ойымдағын.
Адам мен бірге жасап келе жатқан,
Жолың үлкен екенін мойындадым.

Кітап; Компьютер жолыңды біл адаспағын,
Менімен дұрыс болар санаспағын.
Өмірге кеше келген темірсің сен,
Сондықтан меніменен таласпағын.

Айдыны шалқар кейде бір,
Кітапты тұнған көл дейсің.
Ауадай қажет бейне бұл,
Татпасаң нәрін шөлдейсің.
Пайда ойлама ар ойла,
Талап қыл артық білуге
Артық білім кітапта
Ерінбей оқып көруге, - деп негізінде ақын Абай айтқандай қолымызда киелі дүниеміз кітап болсын оқушылар
Осымен



**СУХАНОВА АНАРА ӨТЕТІЛЕУҚЫЗЫ,**
«№75 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің
География пәні мұғалімі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы

# АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ, ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 8.5.3.2 - қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауылшаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын ұйымдастыру түрлерін сипаттайды | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | -Мал және егін шаруашылығы саласын ұйымдастыру түрлерін ажыратады<br>-Шаруашылық, өнеркәсіп және қызмет көрсету саласының түрлерін талдайды<br>-Шаруашылық, өнеркәсіп салаларының түрлерін ажыратады | | | |
| **Сабақтың кезеңі/ уақыты** | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Басы**<br><br>**2 мин**<br>**1 мин**<br><br>**3 мин** | Ұйымдастыру бөлімі.<br>Ынтымақтастық атмосферасы қалыптастыру<br>**« Мен Қазақстанды сүйемін. .. ».**<br>**QR- код арқылы топқа бөліну**<br><br>Үй тапсырмасын сұрау үшін экрандағы сұрақтарға жауап береді<br>Топ басшылары бағалау парағы арқылы бағалап отырады | Оқушы дөңгеленіп тұрады.<br><br>Телефондары арқылы топқа бөліну.<br>Сұрақ жауап орындайды |  |  |
| **Ортасы**<br><br>**5 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**5 мин оқу**<br>**6 мин жазу**<br>**6 мин қорғау**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**2 мин** | Жаңа сабақты бастау үшін оқушыларға «Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері»тақырыбындағы видеоролик көрсетіледі. (2:55 мин) Видеоролик арқылы «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі арқылы оқушылардың не ойлайтындығы сұралады:<br>1. Сіз видеоролик арқылы не байқадыңыз?<br>Жұппенен өз ойларын бөліседі, топтағы оқушылармен біріктіреді, ойларын толықтырады.<br>2. Ауылшаруашылық саласын ұйымдастыру түрлері қандай?<br>Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, топпен өз ойларын бөліседі. Мұғалім оқушыларға ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері туралы ақпарат таратады (мәтін, кесте (қосымша 1) , сызбанұсқа (қосымша 2)<br>Мұғалімнің түсіндірмесі.<br>Шаруашылық салаларының ұйымдастыру формаларымен таныстыру<br>**1 - тапсырма**<br>Оқушылар **ротация әдісі** арқылы мәтінді қорғап шығады. | Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды<br><br><br>Видеороликтан тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, мәтіндегі тапсырмаларды орындау барысында ой өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі<br>Оқушылар мәтінді толық оқып, топ бойынша түсіндіреді. | Смаликтер арқылы | http: //bestreferat. kz/extra_rkd /show/59<br><br><br>Флипчарт<br>Фломастер<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 мин<br><br>2 мин<br><br>4 мин | **1-топ.** Ауылшаруашылығы саласының ұйымдастыру түрлері<br>***2-топ***. Өнеркәсіп саласының ұйымдастыру түрлері<br>**3-топ.** Қызмет көрсету саласының ұйымдастыру түрлері<br>**Дескриптор** ***Оқушылар***<br>-Ауылшаруашылығы саласының ұйым түрлерінің экономикалық, әлеуметтік, экологиялық тиімді/ тиімсіз жақтарын та<br>-Өнеркәсіп саласының ұйымдастыру түр экономикалық, әлеуметтік, саяси, эколо тиімді/ тиімсіз жақтарын талдайды<br>-Қызмет көрсету саласының ұйым түрлерінің экономикалық, әлеуметтік, экологиялық тиімді/ тиімсіз жақтарын та<br>**2-тапсырма:**<br>**«Жер ғаламшары».** Оқушыларға планшеттер таратылады. Ондағы арнайы бағдарлама арқылы төмендегілерді тауып, мәлімет беру<br>**1. «Рахат» кондитерлік фабрикасы**<br>**2. Қостанайдағы «Баян-Сұлу» кондитерлік фабрикасы**<br>**3. «Азия Авто» автокөлік құрастырушы зауыты**<br>**4. «ҚазАгро» Ұлттық холдингі**<br>**5. «Қазақмыс» компаниясы**<br>**6. «АЙС» сүт зауыты**<br>**3- тапсырма**<br>**Топпен жұмыс.**<br>**1-топ-Ауылшаруашылық салаларын жіктеп, сызбаға салыңдар**<br>**2-топ-Өнеркәсіптік-өндірістің салаларын жіктеп сызбаға салыңдар**<br>**3-топ-Қызмет көрсету салаларын жіктеп сызбаға салыңдар**<br>Бағалау критерийі: -Шаруашылық, өнеркәсіп, қызмет көрсету салаларын жіктей алады<br>Дескриптор: -Салаларын біледі -Мамандануына байланысты ажырата алады -Орналасуына сипаттама береді<br>(Топ бірін-бірі бағалайды)<br><br>**Сергіту сәті**<br>**«Қазақстан картасы»** белгілі бір әуен көмегімен маршрут сызу<br><br>**4-тапсырма. Топтық жұмыс. SWOT талдау әдісі арқылы шаруашылық, өнеркәсіп, қызмет көрсету түрлеріне анализ жасайды**<br>**1-топ-Мал шаруашылығы**<br>**2-топ- Түсті металлургия** | Оқушылар планшет арқылы тауып, келесі топқа таныстырады.<br><br>Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды<br>Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады<br><br>Оқушылар белгілі әннің көмегімен аталған қалалардың маршрутын сызады. | **ҚБ**<br>«Бәрекелді, әттеген-ай»<br><br>Бағалау парақшасын толтырады. | <br> |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
3-топ- Туризм саласы
<table>
<tr><td>Мықты жағы</td><td>Әлсіз жағы</td></tr>
<tr><td>Мүмкіндігі</td><td>Қауіпті жағы</td></tr>
</table>
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>дескриптор</td></tr>
<tr><td>Шаруашылық, өнеркәсіп және қызмет көрсету саласының түрлеріне анализ жасай алады.</td><td>-Мықты жағына талдау жасай алады<br>-Әлсіз жағына талдау жасай алады<br>-мүмкіндігіне талдау жасай алады<br>-қауіпіне талдау жасай алады</td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>2 мин<br><br>1 мин</td>
<td>Рефлексия<br>Classroomscreen<br>Интербелсенді тақта көмегімен кері байланыс жасау<br><br><br>Үйге тапсырма:<br>Ауылшаруашылық, өнеркәсіп және қызмет салаларын ұйымдастыру түрлері<br>«Менің ауданымда қызмет саласын ұйымдастыру» жобасы бойынша аудандағы қызмет мекемелерінің ұйымдасу ерекшеліктерін, олардың қызмет бағыттары мен түрлерін анықтап, таныстырылым жасаңдар</td>
<td>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</td>
<td></td>
<td>Рефлексия парағы</td>
</tr>
</table>

**«Ruhani Jangyru » informational and analytical center» LLP**
Format 60x84 1/8.
Printed sheet 4,3. Editorial sheet 3,36.
Print run: 1000 copies.